

Бекітемін  
Мектеп директоры



Ж.Избасаров

**Жанкелдин орта мектебінің**  
**2020-2021 оқу жылына**  
**арналған**  
**оқу-тәрбие жосшары**

28 тамыз 2020 жыл  
Мектептің педагогикалық кенесінде бекітілді

«Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебі»КММ –сі

## **2019-2020 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық қорытынды есебі**

Дайындаған: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Қылишаева

«Ө.Жанкелдин атындағы орта мектебі»КММ –сі

2019-2020 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық қорытынды есебі

1. ҚР үздік білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы бойынша жасалынған жұмыстар

Басшылыққа алуға қабылданған аймақтық кешенді тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы	Алынған нәтиже	Тіімсіз тұстары
ҚР үздік білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы	<p>Тіімді тұстары</p> <p>«Ө.Жанкелдин атындағы орта мектебі»КММ –сі 2019-2020 оқу жылын 298 оқушы, 20 сынып комплексімен бастады. Тәрбие мақсаты – үздік білім беру жүйесінде мектеп жасына дейінгі балалардың, мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін –өздері танытуларына , болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау. Осындай мақсатқа қарай мектептегі тәрбие жұмысының жоспары жыл басынан Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі тұжырымдамасы бекіткен 8 бағыт бойынша жасалды.</p> <p><b>1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.</b></p> <p>Ең алғашқы шара «Алғашқы қоңырау» салтанатты шарасымен басталды. Салтанатты шара мектептің ардагер ұстаздары, ауыл әкімі, мектеп мұғалімдері, оқушылар, ата – аналар қатысты. Алғашқы қоңырау салтанатты жиынынан соң әр сыныпта сынып жетекшілер «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» тақырыбында алғашқы сабақ өткізді. Алғашқы сабаққа барлық сынып оқушылары қатысты.</p> <p>Қараша айында «Қазақстан бейбітшілік орталығы» тақырыбында оқушылар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар белсенділікпен қатысып, өз ойларын еркін жеткізе білді.</p> <p>Желтоқсан айында 3 «а»сыныпта Р.Жолдыбаева «Мен өз Отанымның патриотымын» атты ашық – тәрбие сағатын өткізді. Алдымен әнұран орындалып, мерекелік кешке жалғасқан тәрбие сағатында оқушылар жан жақты өнерлерін көрсетті. Ал 4 сыныпта А.Таганова «Мәңгілік елдің ұрпағы – біздің болашағымыз» тақырыбында ашық – тәрбие сағатын өткізді. Оқушылар үш тілде амандасумен сабақты бастап, топтарға бөлініп, топтық жұмыстар орындалды. Тақырыптың мазмұнын ашуға жетелеу мақсатында бейнеүздіктер көрсетілді. Одан соң диалог әдісі бойынша ой қозғау мақсатында оқушыларға сұрақтар қойылды. Шығармашылық жұмыс жасап оқушылар өз белсенділіктерін көрсетті. «Жас ұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау жиыны өтті. Жиын соңы тәуелсіздікке 28 жылтолуына орай «Тәуелсіз ел, желбіресін мәңгі көк туың» атты мерекелік кешке ұласты.</p>	

Қаңтар айында «Қазақстан мейірімділік мекені» атты балалар бастамасына орай мектебіміздің 9-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен Сарғамәдениет үйінде «Мейірімділікті өзіңнен баста» атты қайырымдылық концерті өткізілді. Қайырымдылықтың негізгі мақсаты: аулымыздағы жағдайы төмен отбасыларына қол ұшын созу, көмек беру, жан жылуын бөлу. Қайырымдылық концертке мектебіміздің 5,6, 9, 11 сынып оқушылары ат-салысты. Оқушылар өнерлерін көрсетіп, көрермендер арасында лотерия ойынын ұйымдастырып, сыйлықтар ойнатып, көпшіліктің көңілінен шығатын кеш сыйлады. «Бейнеу мейірім» қайырымдылық ұйымының басшысы Ізтелиев Шынболат және ұйым мүшелері қонаққа келіп концертті тамашалап, жоғары бағаларын берді. Жастардың жасап жатқан ізгі істеріне сәттілік тілеп, алғыстарын айтты.

Сонымен қатар мектебімізде 5-11 сынып оқушылары мен мұғалімдерінің қатысуымен "Мейірімді жүректер" қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкенің мақсаты мектебіміздегі әлеуметтік жағдайы аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына көмектесу. Өткізілген шаралар facebook әлеуметтік желісі паракшасына салынды.

## 2. Рухани - адамгершілік тәрбие

Қыркүйек айында оқушыларды кітап оқуға шақыру және қызығушылығын арттыру мақсатында 5-7 сынып оқушыларына «Кітап асыл қазына атты кітапханаға саяхат өткізілді.

Қазан айында ұстаздар мерекесіне орай бірнеше шаралар өтті. Солардың бірі 6-сыныпта өткен ашық-тәрбие сағаты. Ж.Басниеваның ұйымдастыруымен өткен «Ұстаз саған мың алғыс» атты шарасы. Ой қозғау мақсатында оқушыларға сұрақтар қойылып, оқушылардың ой-пікірлері тыңдалды. Өлең оқып, ән де салды, би де биледі, видеороликтер көрсетілді. Келесі шара тәлімгер М.Тігірбаева ұйымдастыруымен 5-11 сыныптар арасында «Ұстазама мың тағзым» атты құттықтау қабырға газеттері және 1-4 сыныптар арасында «Құттықтауымызды қабыл алыңыз» атты ұстаздарға арналған ашық хаттар мен өлең шумақтары шығарылды. Сонымен қатар 8-11 сынып оқушылары мұғалімдерге арнап «Жырлаймын ұстаз өзінді» атты мерекелік концерт ұйымдастырды. ұстаздар қауымына жақсы тілектерін айтып, жылы лебіздерін білдірді.

8-11 сынып оқушылары арасында «Арайлы алтын күз» күзгі бал сайысы өтті. Бұл сайыста әр сыныптан бір жұл қатысып, өздерінің сан қырлы өнерлерімен ән салып, би билеп, актерлік шеберліктерін, сән үлгілерін көрсетті. Сайыс соңында марапатталып, «Күз ханзадасы» мен «Күз ханшайымы» анықталды.

Қараша айында «Рухани жаңғыру-туған жер тұтастығы мен ел болашағы» атты ашық – тәрбие сағаты А. Молбаеваның ұйымдастыруымен 8 «Ә» сынып оқушыларына өтті. Жақсы көңіл күй қалыптастыру мақсатында сабақ «Сарарқа» күйімен басталды. Педагогтың рухани жаңғыруға арналған алты жобасына тоқталып, топтық тапсырмалар орындалды. Мақал – мәтелдер және атадан қалған асыл сөздер деп оқушылар тыйым сөздер айтылды. Өлең оқылып, туған жерді қадірлеу мақсатында көрініс көрсетілді.

Адамның адамгершілік – рухани әлеуетін арттыруға, құндылық бағдарларын, қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытуға бағытталған 23 қараша – Жалпыадамзаттық құндылықтар күніне орай мектебімізде «Жүрек қуанышы» атты оқушылар шығармашылық жұмыстарының көрмесі, жалпыадамзаттық құндылықтарға арналған өлең, шығарма, эссе, сурет байқаулары өткізілді. Оқушылар сынып жетекшілерімен бірге кітапханаға барып рухани – адамгершілік тәрбиеге арналған кітаптармен танысты.

Желтоқсан айында тұңғыш президент күніне орай мектебіміздің жоғарғы сынып оқушылары арасында «Қазіргі заманғы Қазақстан» атты кеш болып өтті. Кеш тәрбиелік мәні зор қызықты ақпаратқа толы болды. шараға ардагер ұстаздар қонаққа шақырылып, онымен қоса мектебіміздің басшылары мен жоғарғы сынып мұғалімдері қатысты. Елбасының көшбасшылық сабақтарын негізге ала отырып ой бөлісті, оқушылар ән арнады және өздері салып әкелген жар газеттерін қорғады. Кеш ардагер ұстаз А.Ізбасаровтың ізгі тілек батасымен аяқталды.

Қаңтар айында «Атадан қалған асыл сөз» тақырыбында Ж.Дүйсенбаеваның ұйымдастыруымен 5 «ә» сынып оқушыларына ашық – тәрбие сағаты өткізілді. Сабақ барысында оқушылар өнерлерін көрсетіп, ән салып, би билеп, өлең оқып, көрініс қойды. Нақыл сөздер мен мақал – мәтелдер айтылды.

А.Есбаева сынып оқушыларына «Мейірімділік – асыл қасиет» тақырыбында ашық – тәрбие сағатын өткізді. Оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында шаттық шеңберімен сабақты бастады. Оқушылар топқа бөлініп, топтық тапсырмалар орындап, түрлі жағдаяттарды шешті. Оқушылар мақал – мәтел айтып жарысып, көрініс қойып, ән салды. Сабақ соның мейірімділік ағашы арқылы қорытындылады.

Наурыз айында «Ризашылық - мейірімділік бұлағы» атты Алғыс күніне орай мектебімізде мектепшілік 9-11 сынып ұлдар және қыздар командасынан құралған волейбол жарысы ұйымдастырылды. Жарыс қорытындысы бойынша I орынды 11-сынып оқушылары, II орынды 10-сынып оқушылары, III орынды 9-сынып оқушылары алды. Ойын барысында ерекше ойын көрсеткен оқушылар Орынбаев Бекайдар, Оразалин Дінәсіл, Канибуллаева Гүлдана, Беймағанбетова Нұрдана «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды.

7 «ә» - сынып оқушылары қайырымдылық акциясын өткізіп, мектеп кітапханасына барып кітапхана қызметкеріне көмектесті. Сонымен қатар өздері оқитын технология кабинеттерін жинап, тазалық жұмыстарын жүргізді.

8 «а» - сыныбы «Дәстүр - халқымыздың рухани өзегі» және 8 «ә» - сыныбы «Мейірімді жүрек - жылы тілек» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.

5 «а» - сыныбы «Алғыс айту парызым» тақырыбында сынып сағатын өткізіп, оқушылар ата – аналарына алғыстарын айтып, ашық хаттармен сыйлықтар жасады. 5 «ә» - сыныбы «Жүректен жүрекке» тақырыбында ұстаздар қауымына алғыстарын білдіріп, жүрекжарды өлеңдерін арнап, құттықтау жолдады.

10 «а» - сыныбы «Өмірге риза болып, алғыс айт» тақырыбында және 10 «ә» - сыныбы «Мын

алғыс айтамын» тақырыбында сын сағаттарын өткізді.

Бастауыш сынып оқушылары «Мың алғыс» тақырыбында стенд дайындап, стикерлерге тілектер жазу арқылы ұстаздарына, ата-аналарына алғыстарын жеткізді.

Мектебіміздің 9, 10, 11 сынып оқушылары Алғыс күніне орай және халықаралық әйелдер күні мерекесіне арнап, үзіліс уақытында ұстаздар қауымына тосын сый ұйымдастырды. Оқушылар құттықтау тілектерімен бірге алғыстарын білдіріп, өлеңдер арнап, гүлшоқтарын сыйлады.

Тәлімгер М.Тітірбаеваның ұйымдастыруымен «Әрбір ұстаз- бір жұлдыз» атты сайысы өтті. Сайыста мұғалімдер ән айту және пародия көрсетіп бақтарын сынады.

Оқу жылының соңында соңғы қоңырау шарасы онлайн түрде барлық сыныптарда өтті. Маусым айында 11-сынып оқушыларына «Сәт сапар, саған, жас түлек» атты аттестат беру рәсімі өткізілді. Мерекеге бітіруші түлектер және ата-аналар мен сынып жетекшілер қатысты.

### 3. Ұлттық тәрбие.

Қараша айында 11 «ә» сынып оқушыларына Г.Көптілеуова «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты ашық – тәрбие сағатын өткізді. Сабақ барысында оқушылар топтарға бөлініп, құқықтары туралы постер қоғап, пікірлерін еркін жеткізе білді.

Қазан айында халықаралық тілдер күніне орай «Тіл- татулық тірегі» атты сайыс өтті. Сайыс бірнеше кезеңнен тұрды. Сайыс барысында оқушылардың білімдері сыналып, сайыс соңы қорытындыланды.

2 «ә» сыныбында «Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен» тақырыбында жетекшісі Ж.Мұналбаеваның ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаты өтті. Сабақ күн бейнесі тренингімен басталды. Бейнекөрсетілімдер көрсетіліп, оқушылар суреттерге қарап мағынасын ашты және топтық тапсырмалар орындалды. Ән айтып, көрініс қойды.

Б. Еңсегенрваның ұйымдастыруымен 2 «а» сыныбында да ашық – тәрбие сағаты өтті. Сабақтың тақырыбы «Достық қымбат өмірде».

Наурыз айында «Амал келді жыл келді» атты 14 наурыз көрісу мерекесіне орай барлық сыныптар сынып сағаттарын өтізіп, мерекені тойлады. Сонымен бірге қазақтың ұлттық тағамдарынан дастархан жайып дәм татқызды.

9 «ә» сыныпта Қ.Махмұтова «Нұр себеле, ұлыстың Ұлы күні» тақырыбында ашық- тәрбие сағатын өткізді. Оқушылар халық әндерін орындап, салт- дәстүрден көрініс қойып, қазақ биін билеп, ұлттық ойындар ойнады.

### 4. Отбасы тәрбиесі.

Қыркүйек айында «Отбасы бақыт мекені» Республикалық апталық өтті. Сыныптарда отбасы – бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «мен отбасымды мақтан тұтамын», « Мен отбасымды жақсы көремін» тақырыптарында 5-6 сыныптап арасында көрмелер ұйымдастырылып,

«Менің отбасым» тақырыбында 9 сыныптарда тренинг өткізілді. 7-8 сыныптар арасында отбасылық эстафета өткізіліп, жүлделі орындар мен белсенді қатысқан оқушылар да марапатталды. «Отбасының қоғам алдындағы маңызды ролі» тақырыбында жоғарғы сынып оқушыларына дөңгелек үстел өткізілді. «Жылы жүрек – жомарт қол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, мектебімізде оқитын аз қамтылған, көп балалы отбасындағы балаларға оқу құралдары мен мектеп формалары арып берілді. «Отбасы – өмір аясы» тақырыбында мерекелік кеш өткізіліп, агталық қорытындыланды.

Қазан айында 10 «Ә» сыныбына А.Сұлтанмуратова «Ата – анаға құрмет, басты міндет» тақырыбында ашық- тәрбие сағатын өткізді. Сабақ барысында ата – аналарынан естіген ырым – тыйымдарды және ата – анаға қатысты ұлағатты сөздер айтылып, бейнеролиетер көрсетіліп оқушылар алған әсерлерімен бөлісті.

4-14 қазан күндері арасында «Қыз болашағы - ел болашағы» атты Халықаралық қыздар күніне арналған Республикалық онкүндіктің жоспары дайындалып, бекітілді. Жоспарға сай 4.10 күні онкүндіктің ашылуы өтті. 9 - 11 сынып оқушыларына қыздардың құқықтарын бұзуға жол бермеу мақсатында қыздар ұйымының жиналысы, 5-8 сынып оқушыларының арасында флэш - моб өткізілді. Барлық сыныптарда «Қыз болашағы - ел болашағы» атты сынып сағаттар жүргізілді. «Мен және менің жеке қасиеттерім тақырыбында» 7 - 8 сынып және 9 – 10 сынып қыздары арасында «Діни экстремизм - қоғам дерті» тақырыбында тренингтер өткізілді. «Қыз өмірдің гүлі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. 9 - 11 сынып оқушыларына қыздар арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Өзара қарым – қатынас, репродуктивтік денсаулық және жыныстық гигиена, жыныстық жолмен берілетін аурулар, жасөспірім жастағы жүктілік мәселелері бойынша ақпаратты тарату және консультациялық қызметтер көрсету мақсатында «Қыз бала гигиенасы» тақырыбында мектеп медбикесі мен ауыл гинекологы баяндама оқыды. 14 қазан күні онкүндік қорытындыланды.

4-14 қазан күндері арасында «Қыз болашағы - ел болашағы» атты Халықаралық қыздар күніне арналған Республикалық онкүндіктің жоспары дайындалып, бекітілді. Жоспарға сай 4.10 күні онкүндіктің ашылуы өтті. 9 - 11 сынып оқушыларына қыздардың құқықтарын бұзуға жол бермеу мақсатында қыздар ұйымының жиналысы, 5-8 сынып оқушыларының арасында флэш - моб өткізілді. Барлық сыныптарда «Қыз болашағы - ел болашағы» атты сынып сағаттар жүргізілді. «Мен және менің жеке қасиеттерім тақырыбында» 7 - 8 сынып және 9 – 10 сынып қыздары арасында «Діни экстремизм - қоғам дерті» тақырыбында тренингтер өткізілді. «Қыз өмірдің гүлі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. 9 - 11 сынып оқушыларына қыздар арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Өзара қарым – қатынас, репродуктивтік денсаулық және жыныстық гигиена, жыныстық жолмен берілетін аурулар, жасөспірім жастағы жүктілік мәселелері бойынша ақпаратты тарату және консультациялық қызметтер көрсету мақсатында «Қыз бала гигиенасы» тақырыбында мектеп медбикесі мен ауыл гинекологы баяндама оқыды. 14 қазан күні онкүндік қорытындыланды.

Наурыз айында «Ана- өмір, ана- бақыт, ана – гүл» тақырыбында 10 «А» сыныбында Ж. Ибрагимованың ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатына аналар қонаққа

шақырылып, оқушылар мерекелік кеш сыйлап, аналарына ізгі тілектерін білдірді. Оқушылардың аналары балаларының естеліктерін айтып, мерекемен құттықтап жылы лебіздерін білдірді.

«Ана деген – тіршіліктің тірегі» атты мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Оқушылар аналарына арнап бірі ән шырқаса, енді бірі би билеп, өлең оқып, өздерінің ыстық ниеттерін білдірді.

### 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Қазан айында өсіп келе жатқын ұрпақты табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға тарту мақсатында республикалық экологиялық сағат өткізілді. Барлық сыныптарда танымдық– дамытушылық сабақтар өткізіліп, бейнероликтер көрсетілді. Мектеп жанындағы учаскелерде алдын – ала дайындалған орындарда жасыл желектер отырғызылды. Жасыл желектер отырғызу акциясына 11 оқушылары қатысты.

Қараша айында 5-6 сыныптарда “Алтын күз» атты сайысы өтті. Көрмеге сурет және қолөнер жұмыстары қойылды. Оқушылар өз деңгейлерінде күз тақырыбында көркем бейнелей алды. Көрмеген қатысқан оқушылар жүлделі орындар мен ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Қаңтар айында мектебіміздегі оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып, шеберліктерін шыңдау мақсатында «Өнерлі екен он саусак», «Тоқыма», «Кел сурет салайық» және ұл балалар мен қыз балаларға арналған «Шебер қолдар» үйірмелері ашылды. Қаңтар айында үйірме жетекшілері мен оқушылар бірлесіп «Шебер қолдар» көрмесін ұйымдастырды. Оқушылар үйірмелерде жасаған қол өнерлерін көрмеге әкеліп, көрменің сәнін келтірді. Бастауыш сынып оқушыларының ермексаздан жасаған бұйымдары ерекше көзге түсіп, көрме тамашалаушылардың қызығушылығын оятты. Қыз балалардың моншақтан жасаған және түрлі тоқыма бұымдары да көрмеге сән беріп, сұранысқа ие болды. Сонымен қатар «Кел сурет салайық» үйірмесінің оқушылары да салған суреттерін көрмеге қойды.

### 6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет эстетикалық тәрбие.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай оқу жылы басында жоспар құрылып, соған орай көптеген шаралар өткізілді. «Әр нәрсеге құмарлық ақылдың көзін байлай ма?» атты тақырыбында 10-11 сыныптар арасында Дүйсенбаева Жұлдыз дебат өткізді. Дебаттың басты мақсаты әр нәрсеге құмарлықтың негізгі факторларын анықтау болды.

Мектеп кітапханасы, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай, бастауыш сынып оқушыларына "Абай әлемімен бірге, ертегілер еліне саяхат" атты танымдық сағат өткізді. Мақсаты: Кітапхана қорындағы, ұлы кемеңгер ақын Абайдың кітаптарымен таныстыра отырып, Абайды мәңгі оқып, кітаппен дос болып, кітапхана оқырманы болуға шақыру.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында, Ұлы ақын Абайдың 175 жылдығына орай, республика, облыс, аудан мектептерінде "Абай әлеміне саяхат" танымдық клубы ашылып жатыр. Біздің мектепте де

ашылып, бастамасы басталды.

Жас ұстаздар ұйымдастыруымен "Адамзаттың Абайы" атты әдеби сазды кеш өтті. Кеш мақсаты: Жас ұрпақты рухани тұрғыда жаңғыртып, Ұлы ақын Абай шығармашылығын, ата мұрамыз ретінде қабылдап, жаңа буын жас ұрпаққа танытып, терең меңгеру. Кеш барысында ұстаздар, Абай шығармашылығынан өлеңдер мен кара сөздерін оқыды. М.Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясынан көрініс қойып, әндері орындалды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің жетекшілігімен мектеп оқушыларынан құралған "Абай" клубының мүшелерінің қатысуымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ұйымдастырылған "Дархан халықтың дана Абайы" атты әдеби кешімен қорытындыланды. Кеш барысында ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын дәріптейтін сахналық қойылым көрсетілді, ақынның өлеңдері оқылып, әндері жанды дауыста шырқалды.

Оқушыларды қазақтың бас ақыны А.Құнанбайұлының қара сөздерімен таныстырып, сөз қасиетін ұғындыру мақсатында бсынып оқушылары арасында «Қара сөз қасиеті» тақырыбында шара өтті. Шара барысында оқушылар ақынның қара сөздерін жатқа оқыды.

Қаңтар айында «Менің қысқы демалысым» тақырыбында сурет байқауы болып өтті. Шара барысында балалар жарыса сурет салып, өздерін жақсы жақтарынан көрсете білді. Сайыс соңы жүлделі орындармен марапатталды.

Ақпан айында 9 «А» сыныбында Ақшабаева Саулеттің қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай ұйымдастырылған «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты ашық тәрбие сағатын өткізді.

2020 жылдың 17-27 ақпан күндері аралығында Әбу Насыр Әл -Фарабидің 1150 жылдығына орай онкүндік акция өткізілді. Осыған орай 17-18 ақпан күндері барлық сыныптарда сынып сағаттары өтті. Өткізілу мақсаты Отырар топырағында туған, халқымызға мол мұра қалдырған ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмір жолдарымен, тарихтағы алатын орындарымен таныстыру.

19 ақпан күні 6 - сынып оқушылары арасында «Мен таныған Әл-Фараби» тақырыбында Әбу Насыр Әл-Фараби мұраларын жатқа мәнерлеп оқу сайысы болып өтті. Бүгінгі күнмен үндесіп жатқан Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың шығармаларын жете түсініп, оқып, оны көпшілікке жеткізу, тарихтағы баба мұраларын насихаттау арқылы отансүйгіштік тәрбие беру мен баба мұрасына деген жастардың құрметін арттыру. Сайыс қорытындысы бойынша 1-орынды Махмутова Ғаникамал, 2-орынды Аншыбаева Гүлбақыт, 3-орынды Хасанова Нұрсая иеленді.

25 ақпан күні «Әл-Фараби білім данасы» тақырыбында дөңгелек үстел болды. Оқушыларға Аристотельден кейінгі екінші ұстаз Әл-Фараби өмірі, еңбек жолы туралы түсінік беріп, ғұламаның жан-жақты ерекше тұлға болғандығын анықтау мақсатында ізденіс жүргізу, халқымызға білімнің, ілімнің нәрін сепкен аса ірі тұлға Әбунасыр әл-Фараби мұраларынан нәр ағызып, оқушыларды туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу мақсатында 8 - сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған бұл шарада оқушылар ғұлама туралы біраз

мағлұмат алды.

Онкүндік аясында кітапты сүюге, ғибрат сөздерден үлгі-өнеге алуға, кітапты құрметтеуге баулу, еркін ойлай алатын жеке тұлға етіп тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар Әбу Насыр Әл -Фарабидің 1150 жылдығына арналған «» тақырыбындағы көрме ұйымдастырылды.

#### **7. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие.**

Қараша айында өз халқының және өзге халықтардың мәдениетін танып білуге бағыттау. Оқушыларды музыка жанрын түсініп білуге баулу, ұлттық өнердің қыр –сырын үйрену мақсатында «Мың бұралып билеймін» би байқауы өтті. Байқауда оқушылар әр ұлттың биінен бақ сынап, өнерлерін көрсетті. Байқау соңы қорытындыланып, жүлделі орындармен марапатталды.

Мектепшілік Жаңа жылдық шырша мерекесінде де кесте жасақталып, сыныптарда жаңа жылға арналған концерттік бағдарлама өтті. Әр сынып өздерінің әр түрлі өнерлерін көрсетті. Карнавалдық костюмдер киіп, ертегілер желісі бойынша көріністер қойып өте қызықты етіп өткізді. Жоғары сынып оқушылары да түрлі ойындар ұйымдастырып, барлығы бірдей атсалысты.

Ақпан айында 1”Ә» сынып оқушыларына А.Қармысова «Әдептілік- әдемілік» тақырыбында ашық- тәрбие сағаты өтті. Сабак «әдептілік» шаттық шеңберімен басталып, «Жалғасын тап» және «Жақсы бала қандай?» ойынындары ойнатылды.

#### **8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Мектеп медбикесі Г.Майлыбаева темекінің зияны туралы жоғарғы сынып оқушыларына баяндама оқыды.

Қаңтар айында 5-7 сынып оқушылары арасында «Ұлттық ойын сайысы» өтті. Сайысқа әр сыныптан 5 оқушы қатысты. Сайыс барысында оқушылар қол күресі, арқан тартыс, секіргішпен секіру, эстафеталық жүгіру кезеңдерінен сайысты. Сайыс соңы қорытындыланып, орындармен марапатталды.

Қаңтар айында «Біз өз денсаулығымызға жауаптымыз» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында дөңгелек үстел болып өтті. Денсаулығыңызды жетілдіру және қалыптастыру үшін дені сау болуды үйрену маңыздылығын және зиянды заттарды қолданудың кесірі туралы оқушыларға түсіндірілді.

Ақпан айында салауатты өмір салтын сақтаймыз атты тоғызқұмалақ жпрысы өтті. Жарыс топқа бөлу арқылы және А.Орынбаевтің түсіндіру ережемен жүргізілді. Жарыс әділ әрі тартысты өтті және қызықты болды.

## 2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудағы іс-шаралар есебі.

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	<p>«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудағы іс-шаралар негізінде жыл басынан бері жоспарға сәйкес түрлі шаралар өтті. Күркүйек айында оқушыларды кітап оқуға шақыру және қызығушылығын арттыру мақсатында 5-7 сынып оқушыларына «Кітап асыл қазына атты кітапханаға саяхат өткізілді.</p> <p>«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарлама аясында латын әліпбиінде жазу акциясы өтті. Акция барысында мұғалімдер мен оқушылар аудио тыңдау арқылы диктант жазып, жұмыстар тексеріліп, сараптама жасалынды.</p> <p>Қараша айында барлық сыныптарды «Рухани жаңғыру – ел дамуының кепілі» тақырыбында сынып сағаттар өтті. Мұндағы мақсат-қазақтың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, ең бастысы, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, қазақи рухымызды жаңғырту.</p> <p>Қараша айында «Рухани жаңғыру-туған жер тұтастығы мен ел болашағы» атты ашық – тәрбие сағаты А. Молбаеваның ұйымдастыруымен 8 «Ә» сынып оқушыларына өтті. Жақсы көңіл күй қалыптастыру мақсатында сабақ «Сарарқа» күйімен басталды. Пезиденттің рухани жаңғыруға арналған алты жобасына тоқталып, топтық тапсырмалар орындалды. Мақал – мәтелдер және атадан қалған асыл сөздер деп оқушылар тыйым сөздер айтылды. Өлең оқылып, туған жерді қадірлеу мақсатында көрініс көрсетілді.</p> <p>Қаңтар айында 5-7 сынып оқушылары арасында «Ұлттық ойын сайысы» өтті. Сайысқа әр сыныптан 5 оқушы қатысты. Сайыс барысында оқушылар қол күресі, арқан тартыс, секіргішпен секіру, эстафеталық жүгіру кезеңдерінен сайысты. Сайыс соңы қорытындыланып, орындармен марапатталды.</p> <p>Қаңтар айында «Атадан қалған асыл сөз» тақырыбында Ж.Дүйсенбаеваның ұйымдастыруымен 5 «ә» сынып оқушыларына ашық – тәрбие сағаты өткізілді. Сабақ барысында оқушылар өнерлерін көрсетіп, ән салып, би билеп, өлең оқып, көрініс қойды. Нақыл сөздер мен мақал – мәтелдер айтылды.</p> <p>Ақпан айында тәлімгер М.Тігірбаеваның ұйымдастыруымен 3 – сынып оқушылары арасында «Алтын қақпа» интеллектуалдық сайыс өтті. Сайысқа екі топ қатысып, тас қақпа, күміс қақпа және алтын қақпа кезеңдері бойынша сұрақтарға жауап берді. Сайыс соңы «Алтын сандық» бөлімінде екі топ еңбек және білім туралы мақал – мәтел айтып жарысты. Сайыс соңы қорытындыланып, орындармен және белсене қатысқан оқушылар марапатталды. «Рухани жаңғыру – қоғамдық сананы жаңғырту» тақырыбына тәрбие жөніндегі орынбасардың ұйымдастыруымен жоғарғы сынып оқушыларына деңгелек үстел өтті.</p>	

## 3. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру бағытындағы шаралардың қорытынды есебі

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	<p>Қазан айында 9-11 сынып оқушыларының арасында «Мәңгілік ел - мәңгілік тіл» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге қатысушы оқушылар туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншіліктің бала кезден басталатындығын жеткізді. Тілді қастерлеу, оны заман ағымына сай қолдау аясын кеңейту, мәртебесін асқақтау, қазақ тілінің әлем тілдерімен бәсекеге қабылетті болуы жастардың қолында екендігі жайында ортаға салды.</p> <p>Желтоқсан айында «Кітап-тарих, шежіре» тақырыбында сайыс өтті. Сайыста оқушылар әдебиет пені бойынша сұрақтар беріліп, өлеңдердің жалғасын тауып, жатқа оқып, тосыннан тапсырмалар орындау бөлімдері бойынша бақтарын сынады. Сайыс соңында оқушылар «Ең үздік оқырман», «Өзге шешен оқырман», «Білікті де, білгір оқырман» номинацияларымен марапатталды.</p> <p>4 сыныпта А.Тағанова «Мәңгілік елдің ұрпағы – біздің болашағымыз» тақырыбында ашық – тәрбие сағатын өткізді. Оқушылар үш тілде амандасумен сабақты бастап, топтарға бөлініп, топтық жұмыстар орындады. Тақырыптың мазмұнын ашуға жетелеу мақсатында бейнеүздіктер көрсетілді. Одан соң диалог әдісі бойынша ой қозғау мақсатында оқушыларға сұрақтар қойылды. Шығармашылық жұмыс жасап оқушылар өз белсенділіктерін көрсетті.</p> <p>Тәуелсіздікке 28 жылтолуына орай «Тәуелсіз ел, желбіресін мәңгі көк туың» атты мерекелік кеш өтті.</p> <p>Қаңтар айында «Мәңгілік ел – менің арманым» тақырыбында Ө.Есенжанова сурет көрме ұйымдастырды. Көрмеге оқушылар белсенділікпен қатысты. Оқушылар тақырыпты толық аша білді.</p>	

## 4. Діни экстремизмге және лаңкестікке қарсы күрес туралы өткізген іс – шаралар есебі.

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	<p>2019-2020 оқу жылына арналған діни экстремизмнің алдын алу бағыты бойынша іс – шара жоспары жасақталды. Қыркүйек айындағы отырыста тәрбие жөніндегі орынбасар «Діни экстремизмнің алдын алу» бағыты бойынша іс – шара жоспарымен таныстырып өтті. Осы бағытта жұмыс жасаудың басты мақсаты оқушыларды жамандықтан жирендіре отырып, жақсылыққа баулу. Әлеуметтік желілердегі түрлі ағымдарды насихаттайтын сайттарға кіріп, ондағы түрлі жағдайларды дұрыс деп қабылдап, соның жетегінде кетпеу үшін, жастарға діни экстремизмге қарсы күрес жолдары</p>	

	<p>туралы ақпарат беру.</p> <p>Мектебімізде намаз оқитын оқушыларды анықтау мақсатында рейд жүргізілді. Рейд нәтижесі бойынша намаз оқитын оқушы анықталған жоқ. Қазан айында құқық пәні мұғалімі «Терроризмге қарсы әрекет жөніндегі» заң бойынша оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.</p> <p>Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында әр сыныпта сынып сағаттарында оқушыларға сынып жетекшілерімен бірге отырып түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырды. Қараша айында «Қазақстан бейбітшілік орталығы» тақырыбында оқушылар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар белсенділікпен қағысып, өз ойларын еркін жеткізе білді. Сонымен бірге жоғарғы сынып оқушыларына діни ағымдар туралы түсінік жұмыстарын жүргізу мақсатында бейнефильм көрсетілді. Қазіргі қоғамда орын алып жатқан түрлі жағ ағым жетегінде кеткен жастардың болашағының бұлыңғырлығын, одан жақсылық таппаған, аға- ана мен бауырдан безіп, өз болашағына балта шапқан жастардың өмірінен өзгелер сабақ ала білсе. оқушылар көрсетілген бейнефильмдер туралы пікірлерін ортаға салып, болашақ өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қолында екенін, қандай жетістікке жетсек те, адал, әділ жолдан таймау керектігін айтты.</p> <p>Мектеп психологі желтоқсан айында оқушылардың көңіл- күйін көтеру, болашаққа тілек айту мақсатында тренинг өткізді. Оқушыларға түрлі ойындар ойнатып, бір- біріне әрқашан көмектесуге, жақсы тілек айта білуге шақырды.</p> <p>Дінтану пәні мұғалімі «Діни келісім- бірлік пен тұтастық кепілі» тақырыбында және оқушыларға өмірде дұрыс жолды таңдауға көмек беру мақсаттарында оқушыларға кеңестер берді.</p> <p>2 «ә» сыныбында «Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен» тақырыбында жетекшісі Ж.Мұналбаеваның ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаты өтті. Сабақ күн бейнесі тренингімен басталды. Бейнекөрсеткімдер көрсетіліп, оқушылар суреттерге қарап мағынасын ашты және топтық тапсырмалар орындалды. ән айтып, көрініс қойды.</p>
--	--

**5. ҚР “Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы бойынша жүзеге асырылған жұмыстар есебі.**

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Проблемаларлды және оны шешу жолдары
<p>ҚР “Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз</p>	<p>Жасалынған жұмыстардың қорытындысы</p> <p>Кәмелетке толмағандар арасындағы «Құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын – алу» барысында 2019-2020 оқу жылына жоспар жасақталды. Құркүйек айындағы отырыста тәрбие жөніндегі орынбасар жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жоспармен таныстырып өтті. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын – алу, кәмелетке толмағандар арасындағы</p>

және панасыз қалуының алдын алу туралы Заңы

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі

Төраға – құркүйек айында «Мектепке және қоршамақалық деңгейдегі балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» жөніндегі отырыста

және панаасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы

қолымыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Тамыз- қыркүйек айында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында мектептің әлеуметтік педагогі акция өтіп жатқандығы жөнінде демеушілерге хабарлама жасап, нәтижесінде мектебіміздің әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына сабақ киімдерін алып беріп, ақшалай да көмек көрсетті. Қыркүйек айында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында жалпы мектеп оқушыларына жиналыс өткізілді. Жиналыста жалпы оқушылардың мектептегі, көшедегі тәртібі туралы айтылды. Мектептегі жүріс- тұрысы, мектеп формасының сақталуы, үлкеннің кішіге әлімжеттік жасамауы туралы да айтылды.

16-26 қыркүйек аралығында «Қауіпсіз білім ордасы» атты Республикалық онкүндік өтті. «Қауіпсіз білім ордасы» онкүндігінің жоспары құрылып, мектеп ұжымымен таныстырылды. Онкүндікке орай мектеп оқушыларының құқық қорғау қызметкерлерімен кездесуін ұйымдастырып, бастауыш сыныптарда «Жол қауіпсіздік ережелерін сақтау» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мұғалімдерден құрылған мектеп кезекшілері және де зорлық - зомбылық фактілерін анықтау мақсатында «сенім жәшігі», «сенім телефоны» жұмыстары жүргізілді. Мектеп психологы оқушылардан «Өмірім бәрінен де қымбат» тақырыбында сауалнамалар жүргізді. Дене пәні мұғалімдері «Дене тәрбиесі және спорт» тақырыптарында қауіпсіздік шараларын үйрету сабақтарын және мектеп медбикесі оқушыларға алғашқы көмек көрсету шараларын өткізді. Мектеп оқушыларын тамақтанудың санитарлық - гигиеналық қауіпсіздігін қадағалау жұмыстары жүргізілді. «Қауіпсіз білім ордасы» онкүндігі қортындыланды.

Қараша айында мектеп медбикесі «Денсаулыққа зиянды әрекеттер: ішімдік ішу, шылым шегу, нашақорлық» тақырыбында лекция оқыды. «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясына аясында бастауыш сынып оқушыларын жол белгілерімен таныстырып, жолда жүру ережелерін түсіндіру мақсатында «Жолда жүру ережесін сақта!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 9-11 сынып оқушыларына мектеп директоры Ж. Избасаров және мектеп инспекторы С.Дүйсенбаев көліктен болатын қауіптер жөнінде жиналыс өткізіп, түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

Дүниежүзілік балалар күні (20 қараша) және Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы қабылданғанының 30 жылдығы мен ратификацияланғанының 25 жылдығын мерекелеуге арналған "БАЛАЛАР ҮШІН БІРГЕМІЗ» атты тұжырымдаманы негізге ала отырып, 7-20 қараша аралығында Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Бала құқығы - адам құқығы» онкүндігі іс - шарасының жоспары жасақталды. Шараның мақсаты: кәмелетке толмағандардың құқықтық мәдениетін, 1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ассамблеясы қабылдаған БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері туралы білім деңгейін арттыру.

Дүниежүзілік балалар күнін мерекелеу қарсаңында «Менің бақытты балалық шағым» тақырыптық көрмелер, фотоконкурстар, үздік эссе конкурстар ұйыдастырылып, белсене қатысқан оқушылар марапатталды. Балаларға көмектесу мақсатында «Балалар игілігі үшін» қайырымдылық

акциясы ұйымдастырылды. «Барлығын білім келеді» тақырыбында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында, ауыл кітапханасына және ауыл мұражайына саяхат сабақтар ұйымдастырылып, оқушылар сынып жетекшілерімен бірге барды.

11 қараша күні оқушыларға зорлық – зомбылық туралы мағұмат беру, адамның ең басты құндылығы оның бостандығы екендігін түсіндіру, зорлық - зомбылықтың адам ағзасына әсері жайында, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстауға ықпал жасау мақсатында, 8- сынып оқушылары арасында «Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп психологы Ш.Маздимова тренинг өткізілді.

12 қараша күні қыздар ұйымының жетекшісі Ж. Басниева ата – аналардың оқушыларға қаншалықты көңіл бөлетіндігін анықтау мақсатында «Сіз қандай ата – анасыз?» тақырыбында ата – аналардан сауалнамалар алды.

13 қараша күні дүниежүзілік сабақ «Қазіргі және болашақ: әр бала үшін қорғалған балалық шақ» тақырыбында барлық сыныптарда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы Конвенциясы туралы жалпы түсінік беру, жаһандық мақсаттар мен Конвенция арасындағы тығыз өзара байланысты түсіндіру, барлық балалардың құқықтары сақталатын болашақты талқылау, өз құқықтары туралы айту және әрекет етуді бастау мақсаттарында сынып сабақтар жүргізілді. Дүниежүзілік сағатқа Сарға ауыл әкімі М.Болысов және мектеп директоры Ж.Избасаров қатысып, бала құқығы жөнінде мағұлматтар беріп, оқушыларды мерекелерімен құттықтады.

14 қараша күні «Бала құқығы –адам құқығы» тақырыбында 9 сыныптар арасында құқық пәні мұғалімі Н. Сейлханованың ұйымдастырылуымен жарыссөз алаңы өтті. Жарыссөздің мақсаты Бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері туралы білім деңгейлерін арттыру.

15 қараша күні 7 сыныптар арасында оқушылар өз құқықтары мен міндеттерін білу мақсатында, «Өз құқықтарыңды білмесең, олардың қорғалуын талап ете алмайсың» тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р. Қылишаева интеллектуалды сайыс өткізді.

18 қараша күні 1-4 сынып оқушыларының арасында бастауыш сыныптар оқу ісінің меңгерушісі Г.Рабилованың ұйымдастырылуымен «Бақытты балалық шақ» тақырыбында мерекелік шара өткізілді. Шара барысында оқушылар көтеріңкі көңіл күймен өз өнерлерін көрсетті.

19 қараша күні мұғалімдердің оқушылармен қарым қатынасын анықтау және бала құқықтарының сақталуын қадағалау мақсатында директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары А.Алуадинова мұғалімдер арасында сауалнамалар жүргізді.

20 қараша күні «Балалар бақытты болсын» тақырыбында мектеп тәлімгері М.Тігірбаева 20 қараша дүниежүзілік балалар күніне арнап мерекелік кеш ұйымдастырды. Шара барысында оқушылар өнерлерін көрсетіп, түрлі ойындар ойнады. Шара соңы онкүндікті қорытындылаумен аяқталды.

Оқушылардың кешкі қозғалысын бақылау мақсатында мектеп мұғалімдерінен құралған рейдтік шаралар өтті. Мұғалімдер кешкі мезгілде көшеде оқушылардың себепсіз жүруін қадағалап отырды.

Тәлімгер М.Тігірбаева күнделікті оқушылардың сабаққа қатысын тексеріп, сабақтан жиі

**6. Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес, оның алдын алу шаралары бағытында жүргізілген жұмыстардың қорытындысы**

<p>Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер</p>	<p>Жасалынған жұмыстардың қорытындысы</p> <p>2019-2020 оқу жылына арналған оқушылар арасында есірткінің, нашақорлықтың алдын алуға бағытталған жылдық жұмыстың жоспары жасақталып бекіту мақсатында жиналыс өтті. Жиналысқа тәрбие жөніндегі орынбасар, тәлімгер, сынып жетекшілер, оқушылар, мектеп медбикесі қатысты. Жиналыста тәрбие жөніндегі орынбасар есірткінің алдын алуға бағытталған іс – шараның мақсатын айта кетіп, оқушылардың жаман әдеттен бойын аулақ ұстауын айтып өтті.</p> <p>Мектеп медбикесі Г.Майлыбаева темекінің зияны туралы жоғарғы сынып оқушыларына баяндама оқыды.</p> <p>Қаңтар айында «Біз өз денсаулығымызға жауаптымыз» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында дөңгелек үстел болып өтті. Денсаулығыңызды жетілдіру және қалыптастыру үшін дені сау болуды үйрену маңыздылығын және зиянды заттарды қолданудың кесірі туралы оқушыларға түсіндірілді.</p> <p>Ақпан айында «Нашақорлық ортақ –қасірет» тақырыбында оқушыларға тәрбие жөніндегі орынбасар баяндама оқыды. Мақсаты: қоғамдағы негізгі мәселеге айналып, ғасыр дерті атанып кеткен есірткінің жазылмас дерт екенін түсіндіріп, жасөспірімдер ағзасына зиянды әсерлері туралы оқушыларды ақпараттандыру.</p>	<p>Проблемаларды және оны шешу жолдары</p>
---	---	--

**7. Ата–аналар кеңесінің жұмысы туралы есебі**

<p>Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер</p>	<p>Жасалынған жұмыстардың қорытындысы</p> <p>Қыркүйек айында «Отбасы бақыт мекені» Республикалық апталық өтті. Сыныптарда отбасы – бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. «мен отбасымды мақтан тұтамын», « Мен отбасымды жақсы көремін» тақырыптарында 5-6 сыныптап арасында көрмелер ұйымдастырылып,</p>	<p>Проблемаларды және оны шешу жолдары</p>
---	--	--

	<p>«Менің отбасым» тақырыбында 9 сыныптарда тренинг өткізілді. 7-8 сыныптар арасында отбасылық эстафета өткізіліп, жүлделі орындар мен белсенді қатысқан оқушылар да марапатталды. «Отбасының қоғам алдындағы маңызды ролі» тақырыбында жоғарғы сынып оқушыларына дөңгелек үстел өткізілді. «Жылы жүрек – жомарт қол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, мектебімізде оқитын аз қамтылған, көп балалы отбасындағы балаларға оқу құралдары мен мектеп формалары арып берілді. «Отбасы – өмір аясы» тақырыбында мерекелік кеш өткізіліп, апталық қорытындыланды.</p> <p>Қараша айында қыздар ұйымының жетекшісі Ж. Басниева ата – аналардың оқушыларға қаншалықты көңіл бөлетіндігін анықтау мақсатында «Сіз қандай ата – анасыз?» тақырыбында ата – аналардан сауалнамалар алды.</p> <p>Қаңтар айындағы ата – аналар жиналысында «Баланың дамуындағы ата – ананың ролі» тақырыбында тәрбие жөніндегі орынбасар баяндама оқыды.</p>
--	---

#### 8. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау бағытында жасалған жұмыстар қорытындысы

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	<p>Жасалынған жұмыстардың қорытындысы</p> <p>2019-2020 оқу жылына ҚР мемлекеттік рәміздерді насихаттау бағытында іс- шаралар жоспары жасақталды.</p> <p>Қараша айында «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық абырой» тақырыбында тәрбие жөніндегі орынбасар дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: мемлекеттік рәміздер туралы оқушылардың білімдерін тереңдете отырып, саяси сауаттылығын арттыру, рәміздердің маңыздылығын ұғындыру. Желтоқсан айында 3 «а» сыныпта Р.Жолдыбаева «Мен өз Отанымның патриотымын» атты ашық – тәрбие сағатын өткізді. Алдымен әнұран орындалып, мерекелік кешке жалғасқан тәрбие сағатында оқушылар жан жақты өнерлерін көрсетті.</p> <p>Тәуелсіздікке 28 жылтолуына орай «Тәуелсіз ел, желбіресін мәңгі көк туың» атты мерекелік кеш өтті.</p>

#### 9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс- шаралардың қорытындысы

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	<p>Жасалынған жұмыстардың қорытындысы</p> <p>2019-2020 оқу жылына арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жоспары жасақталып</p>

жолдары	2019-2020 оқу жылына арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жоспары жасақталып
	<p>бекіту мақсатында жиналыс өтті. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тәрбие жөніндегі орынбасар айтып өтті. Іс – шара жоспарымен таныстырып өтті. Негізгі мақсаты мен міндеті: әр адамның заңды мүделері мен еркіндіктерін, құқықтарын сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жол бермеу жөніндегі нормативтік– құқықтық базаны жетілдіру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс– әрекеттердің формаларын, әдістері мен құралдарын оңтайландыру. Мектепшілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында оқушылар ынтымақтастығын кеңейту және жаңғырту.</p> <p>Қыркүйек айында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңның негізгі ережелерін түсіндіру жұмыстары бойынша жиналыс өтті. Сынып жетекшілер де өз ойларын ортаға салды. Сынып жиналыстарында, ата – аналармен өткізген жиналыстарында да осы мәселелер жөнінде айтып отыратынын айтып өтті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында жоғарғы сынып оқушыларына адалдық сағаттары өткізілді.</p> <p>Қазан айында «Сыбайлас жемқорлықсыз Қазақстан» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында оқушылар топқа бөлініп, әр топқа жеке – жеке тапсырма беріліп, сол бойынша оқушылар жұмыс жасап, өз ойларымен бөлісті. Видеолар көрсетілді.</p> <p>Желтоқсан айында «Жемқорлықсыз қоғам – нұрлы болашақ кепілі» тақырыбында тәрбие жөніндегі орынбасар отырыс өткізді.</p>

**10. Өз– өзіне қол жұмсау бағытындағы жасалған жұмыстардың қорытынды есебі**

Нормативтік құжаттар, семинарлар, тренингтер	<p>Жасалынған жұмыстардың қорытындысы</p>	Проблемаларды және оны шешу жолдары
	<p>Мектебімізде психологтың 2019-2020 оқу жылына арналған «Жасөспірімдер арасында өз – өзіне қол жұмсаудың алдын алу» мақсатында жүргізілген жұмыстардың жылдық жоспары жасақталып бекітілді.</p> <p>Мақсаты: Суицид дертін болдырмау және алдын алу. Міндеттері: Суицидке бейім балаларды анықтай отырып, оларға психологиялық көмек көрсету, сынып ұжымында жайлы атмосфера қалыптастыру. Суицид туралы ойдан аралту жолдарын жасау.</p> <p>Өзіне – өзі қол жұмсаудың алдын алу мақсатында «Психологиялық жағдайды өзін – өзі бағалау» (Г.Айзенк) тестісі қыркүйек айында 8-11 сынып оқушыларына жүргізілді. Тест өткізу қорытындысы бойынша оқушылар бойынан психикалық құбылыстардың бұзылуы байқалған жоқ. Оқушылардың құлшынысын арттыру мақсатында «Өмір жолы», «Мен өмірді сүйемін» тренингі өтті. Тренинг юарысында балалардың өмірге деген құлшынысы одан әрі артып, тренинг оқушыларға көтеріңкі көңіл- күй сыйлады.</p>	

Оқушылар мен жастар арасында өзіне – өзі қол жұмсау әрекеттерін алдын алу шаралары тақырыбында жыл бойы ақпараттандыру , кеңес беру жұмыстары жүргізіліп отырды. Сонымен бірге «Депрессия мен мазасыздандырудан қалай арылуға болады?» және « Реніштен арылу жолдары» тақырыптарында психологиялық сабақтар жүргізілді. 7- сынып оқушыларына “Дәл мен бүгін мен бақыттымын» , 6-сынып оқушыларына «Бақытты елдің балғындарымыз» тақырыптарында тренинг өтті. «Суицид қайдан шығады?» атты баяндамасын жоғарғы сынып оқушыларының ата – аналарына ата аналар жиналысында мектеп психологы оқыды. Баяндаманы талқылап ата- аналар өз пікірлерін ортаға салды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: *Р.Қылышаева* Р.Қылышаева

«Ә. Жанкелдин атындағы орта мектебі» КММ

2019 – 2020 оқу жылындағы жылдық қорытынды есебі

Дайындаған: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Дузелбаев

## 2019-2020 оқу жылы қорытындылары

Жанкелдин орта мектебі 2019-2020 оқу жылын 353/158 оқушымен бастады және 353/182 оқушымен аяқтады. Көрсетілген оқушылар 24 сыныпта оқып келеді. 3 дайындық сыныбы бар, онда 55/22 оқушы бар. Оқудың еш түріне жатпайтын бала жоқ. Мектеп жасындағы балалар оқумен қамтылған. Мектепте қамқоршылықтағы 1 оқушы бар (Жарылғасынов Диас - 5 сынып оқушысы); жартылай жетім балалар саны -10; денсаулығында ақауы бар мектепте отырған 4 оқушы; жеке үйден оқитын 2 оқушы (3 сынып оқушысы Мағузаева Жұлдыз, 2 сынып оқушысы Әбуғали Әлішер) Жалпы оқу айлығының қорытындысы бойынша Сарға ауылдық округіне қарасты 0-18 жас аралығында 650 бала бар. Өз мектебімізде 353 оқушы оқиды. Біздің мектепке қарасты, бірақ басқа мектептерде оқитын 24 оқушы бар. Оқу орындарында оқитын 58 студент бар, олардың 3-уі Бейнеу политехникалық колледжінде; 27-сі басқа қалалардағы колледждерде оқиды. Жоғары оқу орындарында 25 студент оқиды. Оқу жылының басында барлық оқушылар оқулықпен қамтылды. 10 сыныптарда бейінді бағдарлы оқыту бойынша 13 оқушы, жаратылыстану – математика бағытында 13 оқушы оқиды. 11 сыныптарда жаратылыстану бағытында 14 оқушы, гуманитарлық бағытта 11 оқушы бар. Мектепте 55 ұстаз қызмет етеді. Олардың 4- жоғары санатты; 1 санатты-20; 2 санатты - 16; санатсыз -15 мұғалім бар.


Жыл сайын өтетін 8-11 сынып оқушыларының жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық пәндік олимпиадасының I (мектепшілік) кезеңі ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының жалпы білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиадасының аудандық кезең бойынша қорытындысы

№	Жұлделі орын				Оқушының аты -жөні	Пәні	Сыныбы	Мұғалімнің аты -жөні
	I	II	III	ынта				
1			+		Мақыбаева Ұлмекен	информатика	9	Қылишаева Р
2			+		Қадірова Еңлік	Биология	9	Бурина М
3			+		Құдайбергенова Мөлдір	Қазақстан тарихы	11	Жантілеуова Б
4			+		Канибуллаева Гүлденай	Қазақ тілі мен әдебиеті	11	Нұрбердиева Қ
5				+	Саламатова Ақгүл	Құқық негіздері	9	Сейілханова Н

I жарты жылдық қорытындысымен II жарты жылдық қорытындысын салыстыра келгенде сапаның өскенін байқауға болады, үздіктер саны 60 (+18); екпінділер саны 125 (+13); білім сапасы 62,08 пайыз (5,05). Мектеп әкімшілігі тарапынан сабақтарға қатысу жолға қойылған. Жүргізілген жұмыстар барысында I жартыжылдықпен салыстыру арқылы әр пәннің сапасы бойынша және жалпы білім сапасында төмендеу мен көтерілу бар екендігі анықталды.

### Білім сапасының мониторингі


	Сыныптар	Оқушы саны	Үздік	Екпінді	Сапа %	Үлгерім %
I тоқсан	1-4	115	24	37	53,40	100
	5-9	135	18	46	47,41	100
	10-11	51	4	15	37,25	100
	1-11	301	46	98	53,53	100
II тоқсан	1-4	115	26	36	74,70	100
	5-9	135	13	35	52,59	100
	10-11	52	4	18	42,31	100
	1-11	302	43	112	57,41	100
III тоқсан	1-4	113	41	50	80,50	100
	5-9	133	17	58	56,39	100
	10-11	52	4	19	44,23	100
	1-11	298	62	128	63,76	100
VI тоқсан	1-4	113	51	41	81,42	100
	5-9	133	14	57	53,38	100
	10-11	52	4	18	42,31	100
	1-11	298	69	116	62,08	100
Жылдық	1-4	113	43	49	81,42	100
	5-9	133	13	59	54,14	100
	10-11	52	4	17	42,38	100
	1-11	298	60	125	62,08	100
Қорытынды	1-4	113	43	49	81,42	100
	5-9	133	13	59	54,14	100
	10-11	52	4	17	42,38	100
	1-11	298	60	125	62,08	100



2019 - 2020 оқу жылы

2019-2020 оқу жылында негізгі пәндер бойынша білім сапасының мониторингі

Пән аттары	I тоқсан	II тоқсан		III тоқсан		IV тоқсан		Жылдық	
Қазақ тілі	73,8	74,3	+	75,7	+	72,9	-	75,6	+
Қазақ әдебиеті	72	73,2	+	69,7	-	71,3	+	74	+
Орыс тілі	62,43	63,6	+	62,2	-	64,2	+	60,8	-
Ағылшын тілі	71,1	73,8	+	77,3	+	78,3	+	78,7	+
Математика	60,9	65	+	66,9	+	68,3	+	67,5	-
Информатика	91,2	77,6	-	78,5	+	81	+	82,7	+
Қазақстан тарихы	67,7	69,5	+	70,8	+	70,2	-	69,1	-
Дүниежүзі тарихы	66,2	72,2	+	57,8	-	68,1	+	68,6	+
География	72,9	74,8	+	76	+	75,3	-	74,6	-
Биология	62,2	70,4	+	75,2	+	72,5	-	72,5	
Химия	47,2	60	+	59,5	-	57,6	-	56	-
Физика	49,6	47,4	-	52,7	+	55,7	+	49,2	-



IV оқу тоқсанын қашықтан оқуға байланысты, кейбір пәндерден қиындықтар болды, соған байланысты сапа көрсеткішінде төмен түскен пәндер болды. I, II, III оқу тоқсаны бойынша сабаққа қатыстым, сабақтың берілісі, мұғалімнің дайындығы, оқушылардың сабаққа деген ұмтылысы, жақсы екенін байқауға болады. Информатика пәні бойынша I тоқсанына карағанда II оқу тоқсанында сапа көрсеткіші біршама төмендеген. Информатика пәнінен 3 маман сабақ беріп келеді, жоғары білімді, ек маманымызда «Модератор» біліктілік санаты бар.

Информатика кабинеті 2014 жылы 12/1 жаңа компьютермен жабдыкталған, қазіргі таңда, қолдану мерзімінен өтіп кетуіне байланысты, 4 компьютеріміз жасамай тұр, информатика сабағында, практикалық жұмыс барысында оқушыларға қиындықтар туғызып отыр.

Оқу жылын аяқтау туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 - 2020 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі №129 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №168 бұйрығына қосымша, осы бұйрықтарды негізге ала отырып, қорытынды аттестаттауды 9 (10) және 11 (12) – сыныптардың білім алушылары тапсырмайды, аттестат ағымдағы оқу жылының жылдық бағалары негізінде беріледі.

«Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебі» КММ

**2019-2020 оқу жылы бойынша мұғалімдермен жүргізілген жұмыстардың қорытынды есебі:**

Директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары: А.Алуадинова

2019-2020 оқу жылы

Биылғы оқу жылы біз үшін жақсы жыл болды деп айта аламыз. «Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебі» КММ 2019 – 2020 оқу жылын 353оқушымен бастадық. Көрсетілген оқушылар 23 сыныпта оқыды. Мектепте 3 дайындық сыныбы, онда 55 оқушы бар.

«Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебі» КММ-нің мұғалімдері туралы мәлімет:

**I. Мұғалімдер саны: 58**

**II. Білім деңгейімен саралау:**

Жоғары білімді:51

Арнаулы орта:4

Аяқталмаған жоғары:3

**III. Педагогикалық өтілі бойынша саралау:**

**Жас мамандар: 2**

3 жылға дейін:2

3-8 жыл:17

9-16 жыл:13

17-20 жыл:2

20 жылдан жоғары:16

30 жылдан жоғары:6

**IV. Біліктілік санаты бойынша саралау:**

Жоғары біліктілік санаты-2

Педагог шебер-0

I біліктілік санаты-11

Педагог зерттеуші-7

II біліктілік санаты-8

Педагог сарапшы-7

Санатсыз-14

Педагог модератор-9

**V. Марапатталғандар:**ҚР-ның Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған мұғалімдер - 2

Облыстық Құрмет грамотасы - 7

Облыс әкімінің Алғыс хаты - 2

Аудан әкімінің Алғыс хаты - 2

Аудандық Құрмет грамотасымен - 22

Аудандық мақтау қағазы - 3

**VI. Ер мұғалімдер - 7**

**VII. Мұғалімдерді жасы бойынша бөлу**

25 жасқа дейін- 7

25 жастан 34 жасқа дейін- 23

35 жастан 44 жасқа дейін-12

45 жастан 54 жасқа дейін-11

55 жастан 64 жасқа дейін- 5

**Осы оқу жылында мұғалімдерге арналған мектепшілік семинарлар болып өтті:**

1. БӘД, технология, дене тәрбиесі пәні бірлестігінің семинары	Қазан	З.Канибуллаев
2. Жаңаша білім мазмұны бойынша курстан өткен мұғалімдер семинары	Қараша	А.Алуадинова
3. Бастауыш сынып мұғалімдерінің семинары	Желтоқсан	Г.Рабилова
4. Тәлімгерлер семинары	Қаңтар	А.Алуадинова

5. Қоғамдық- гуманитарлық пән бірлестігі мұғалімдерінің семинары «Өрлеу» шығармашылық тобының семинары	Ақпан	Б.Жантилеуова Н.Сейилханова Топ мүшелері
6. Жаратылыстану –математика пән бірлестігі мұғалімдерінің семинары	Сәуір	М.Бурина
7. «Қазына», «Маржан сөз», «Ізденіс» шығармашылық топтарының семинары	Наурыз	А.Алуадинова Топ мүшелері
8. Жас мамандар семинары	сәуір	А.Алуадинова

1. «Гуманитарлық пәндерді оқытуда критериалды бағалау жүйесін тиімді қолдану»,
2. Жаратылыстану –математика пән бірлестігі мұғалімдерінің семинары,
3. «Қазына», «Маржан сөз», «Ізденіс» шығармашылық топтарының семинары,
4. Жас мамандар семинарлары белгілі себептерге байланысты болмай қалды.

**Осы оқу жылында мұғалімдеріміз де көптеген жетістіктерге қол жеткізді:**

Халиманова К, Жантілеуова Б, Әжібаева Г, Еңсегенова Б, Көбеншеева Н, Сейилханова Н, Молбаева А, Ауанова Ж, Құрманбаева Ұ, Дүйсенбаева Ж, Ибрагимова Ж, Дүйсеғалиева Ж, Есенжанова Ә, Қылишаева Р, Тігірбаева М, Сұлтанмұратова А, Бекхожина Н, Махмутова Қ, Ибрагимова Ж, Мұңалбаева Ж, Аққұлова А, Түркістанова Ш, Ақшабаева С, Тағанова А, Есбергенова М, Сәдіғұлова Ұ, Алуадинова А.

Мектебімізде **Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына** орай көптеген шаралар болып өтті. Атап айтар болсақ аудандық семинарда «Абай-дара, Абай-дана» атты кешін өткізді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ақшабаева Саулет, Дүйсенбаева Жұлдыз, Бекхожин Нұрлыгүл, Түркстанова Шархат **Абай атамызға** арналған көптеген шаралар өткізді.

**Аудандық семинарда сабақ өткізген мұғалімдер:** Есенжанова Ә, Көбеншеева Н, Ауанова Ж, Алуадинова А, Коптилеуова Г, Қошымова Қ, Тағанова А, Бекхожина Н, Нұрбердиева Қ. Сонымен қатар аудандық тілші мұғалімдер олимпиадасына **Ж.Ибрагимова, Ж.Дүйсеғалиева, Ж.Дүйсенбаева** қатысып, қатысушы сертификатына ие болды. Аудандық жаратылыстану олимпиадасында физика пәні бойынша **А.Молбаева** қатысып 3-орын иегері болды. Аудандық математиктер олимпиадасына **Коптилеуова Г, Молбаева А, Махмутова Қ, Сұлтанмұратова А** қатысып келді. Аудандық 1-орын, Облыстық Ә.Кекілбаевтың 80жылдық «**Ғұлама тұлға-ғибратты ғұмыр**» сахналық байқауынан «**Үздік сахналық интерьер**» номинациясымен мектебіміздің жас мұғалімдері: **Сұлтанмұратова Айдана, Тігірбаева Мадина, Ибрагимова Жадыра, Аққұлова Айнұр, Мұңалбаева Жаңылсын, Қылишаева Райхан, Дүйсенбаева Жұлдыз** қатысып, арнайы сыйлықтарға ие болды. Аудандық тарих пәні бойынша олимпиадасына 2-орын. Аудандық психолог сайысынан **Ауанова Жазира** номинацияға ие болды. **Құрманбаева Ұлбосын** «Жыл үздігі-2019», «Үздік жас мұғалім» номинация алды. Аудандық «Табиғат лирикасы» сурет байқауынан **Есенжанова Әсем** 3-орын. **Мұңалбаева Жаңылсын** аудандық жас мамандарға арналған қашықтықтан болған ессе байқауынан 3-орын.

**Биылғы оқу 2019-2020 оқу жылы бойынша ақылы және мемлекеттік курстан өткен мұғалімдер:**

Қонабаева М, Нұрмағанбетов М, Ауанова Ж, Қармысова А, Дүйсенбаева Ж, Молбаева А, Есбаева А, Сейілханова Н, Сәдіғұлова У, Еңсегенова Б.

**Қашықтық бойынша (дистанци.) курстан өткен мұғалімдер:**

Сәуір-мамыр айларында: Сұлтанмұратова А, Ақшабаева С, Тұрарбекова А, Түркстанова Ш, Бекхожина Н, Тітірбаева М, Қармысова А, Ауанова Ж, Тағанова А, Көбеншеева Н курстан өтіп сертификаттарын алды.

Маусым айында: Ажибаева Г, Жолдыбаева Р, Тітірбаева М курсан өтеді деп күтілуде.

**Қашықтық бойынша (дистанци.) олимпиадаға бірнеше рет қатысып жүлдегер болған**

**мұғалімдер:** Ажибаева Г, Көбеншеева Н, Сұлтанмұратова А, Бекхожин Н, Тітірбаева М, Түркстанова Ш, Қармысова А, Сәдіғұлова У, Сейілханова Н, Коптилеуова Г, Молбаева А, Мұңалбаева Ж, Жантөлеуова Б, Халиманова Қ, Тағанова А, Есбаева А, т.б.

**2019-2020 оқу жылы бойынша марапат алған мұғалімдер:**

№	Аты-жөні	Мамандығы	Марапат атауы	Марапат алған жылы, уақыты
1	Базарбаева Алтынгүл Камысбаевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Маңғыстау облысының Білім басқармасының «Құрмет грамотасы»	2019 ж қыркүйек
2	Халиманова Камажай Шандиевна	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Маңғыстау облысының Білім басқармасының «Алғысы»	2019 ж қыркүйек
3	Оленова Лаззат Қонысбаевна	Биология пәні мұғалімі	Бейнеу аудандық білім бөлімінің «Алғысы»	2019 ж қыркүйек
4	Дүзелбаев Азатбек Ендебаевич	Информатика пәні мұғалімі	Бейнеу аудандық білім бөлімінің «Алғысы»	2019 ж қыркүйек
5	Ауанова Жазира Құрамышовна	Психолог	«Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебі»КММ-нің «Алғысы»	2019 ж қазан
6	Сембаева Алма	Технология пәні мұғалімі	«Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебі»КММ-нің «Алғысы»	2019 ж қазан
7	Молбаева Айгерім Қошанқызы	Физика пәні мұғалімі	«Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебі»КММ-нің «Алғысы»	2019 ж қазан
8	Шағуалиева Талиға Хамитқызы	Биология/география пәні мұғалімі	«Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебі»КММ-нің «Алғысы»	2020 ж наурыз
9	Мұңалбаева Жаңылсын Әжіғалиқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	«Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебі»КММ-нің «Алғысы»	2020 ж наурыз

**Сәуір – мамыр айларындағы мақала жазған, әлеуметтік желіге материалдар жариялаған мұғалімдер:**

№	Мұғалімнің аты - жөні	Пәні	Тақырыбы	Сілтемелер
1	Сұлтанмұратова Айдана Қошанқызы	Математика	«Бірлігі жарасқан берекелі елміз!» 30.04.2020 жылы «Рауан» газеті №16 сан	2019 ж қазан
2	Жантөлеуова Бақыт	Тарих және құқық	«ШЛІКТИ ЖӘНЕ БЕСШАТЫР ПАТША ҚОРҒАНДАРЫ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	2019 ж қазан
3	Халиманова Камажай	Орыс тілі мен әдебиеті	«ВЕЧЕР ПОЭЗИИ «ВЕНОК ПУШКИНУ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	2019 ж қазан

Ажибаева Гулсим	Бастауыш сынып	«ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ. БАС ӘРІШПЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
Рабилова Гаухар	Бастауыш сынып	«ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ?» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
Енсегенова Бактыгул	Бастауыш сынып	«ЖИЫНДАРДЫҢ ҚИЫЛЫСУЫ. КӨПҰЛТТЫ ҚАЗАҚСТАН» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
Есбергенова Марал	Орыс тілі мен әдебиеті	«»ОСЕНЬ – ВРЕМЯ ТЕПЛА ИЛИ ХОЛОДА И. С. ТУРГЕНЕВ «ВОРОБЕЙ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
Сейилханова Нуршат	Тарих және кұқық	«ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯНЫҢ ГИМНАЗИЯ, ЛИЦЕЙ, АКАДЕМИЯЛАРЫ НЕНІ ҮЙРЕТТІ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
Таганова Айнагул	Бастауыш сынып	«ЖЫЛҒА ЖАҚСЫ ТІЛЕК» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
Сұлтанмұрато ва Айдана Қошанқызы	Математика	«ТЕҢБҮЙІРЛІ ҮШБҮРЫШ, ОНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕРІ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
Ақшабаева Сәулет	Қазақ тілі мен әдебиеті	«О. БӨКЕЙ «ТОРТАЙ МІНЕР АҚБОЗ АТ» ӘҢГІМЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
Бекхожина Нурлыгул	Қазақ тілі мен әдебиеті	«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ ОЙЛЫ ЖАСҚА» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы	

13.	Махмутова Қырмызы	Математика	30.04.2020 жылы №04 (31) саны «ОНДЫҚ БӨЛШЕКТЕРДІ КООРДИНАТАЛЫҚ СӘУЛЕДЕ КЕСКІНДЕУ.ОНДЫҚ БӨЛШЕКТЕРДІ САЛЫСТЫРУ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
14.	Қармысова Айзада	Бастауыш сынып	«ӘДЕПТІЛІК – ӘДЕМІЛІК» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
15.	Молбаева Айгерім	Физика, математика	«ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕПЕ- ТЕНДІКТЕРДІ ТҮРЛЕНДІРУГЕ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
16.	Мұңалбаева Жаңылсын	Бастауыш сынып	«ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІН? В ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
17.	Тігірбаева Мәдина	Тәлімгер	«ӘРБІР ҰСТАЗ - БІР ЖҰЛДЫЗ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
18.	Түркстанова Шархат	Қазақ тілі мен әдебиеті	«АБАЙДЫҢ «КҮЗ», «ҚЫС» ӨЛЕНДЕРІ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
19.	Сәдіғұлова Үзілхан	География	«ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
20.	Қылишаева Райхан	Информатика	«ЭЛЕКТРОНДЫҚ КЕСТЕЛЕРДІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ФОРМАТТАУ» «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журналы 30.04.2020 жылы №04 (31) саны	
21.	Калиева Толғанай	Логопед	"Жеке дамыту бағдарламасы" әлеуметтік желіге	
22.	Калиева Толғанай	Логопед	08.05.2020жыл №200735. Саны 123. Сабак жоспар: Жеке дамыту бағдарламасы. Ұстаз тілегі сайтында	
23.	Қармысова	Бастауыш	«Ауыл мұғалімі алғыс айтады» инстаграм	<a href="https://www.instagram.c">https://www.instagram.c</a>

	Айзада	сынып	әлеуметтік желісінде	<a href="https://www.facebook.com/om/p/CAKs-VVlhij/?igshid=dns9qulbnhjt">om/p/ CAKs- VVlhij/?igshid=dns9qul bnhjt</a>
24.	Қармысова Айзада	Бастауыш сынып	«Ауыл мұғалімі алғыс айтады» фейзбук әлеуметтік желісінде	<a href="https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=842792076243743&amp;id=100015388752927">https://m.facebook.com/ story.php?story_fbid =842792076243743&amp;id =100015388752927</a>
25.	Ажибаева Гулсим	Бастауыш сынып	«Ер есімі – ел есінде» инстаграм әлеуметтік желісінде	<a href="https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=836673406855610&amp;id=100015388752927">https://m.facebook.com/ story.php?story_fbid= 836673406855610&amp;id= 100015388752927</a>
26.	Ажибаева Гулсим	Бастауыш сынып	«Ер есімі – ел есінде» фейзбук әлеуметтік желісінде	<a href="https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=836673406855610&amp;id=100015388752927">https://m.facebook.com/ story.php?story_fbid= 836673406855610&amp;id= 100015388752927</a>
27.	Сұлтанмұрато ва Айдана	Математика	«Теңбүйірлі үшбұрыш» «Ustaz tilegi» Республикалық ғылыми – әдістемелік сайты 16.04.2020 ж №188675	<a href="https://www.instagram.com/p/B_zIacTF2pp/?igshid=1abudyffms930">https://www.instagram.c om/p/B_zIacTF2pp/?igs hid= 1abudyffms930</a>
28.	Сұлтанмұрато ва Айдана	Математика	«Курс тыңдаушыларының пікірі» фейзбук әлеуметтік желісінде	<a href="https://www.instagram.com/p/B_RsEe1FDkL/?igshid=10fxrs8ubyh6f">https://www.instagram.c om/p/B_ RsEe1FDkL/?igshid=10 fxrs8ubyh6f</a>
29.	Сұлтанмұрато ва Айдана	Математика	«Курс тыңдаушыларының пікірі» инстаграм әлеуметтік желісінде	<a href="https://www.instagram.com/p/B_Rspy7lsWL/?igshid=1g1mcb8qcmnxm">https://www.instagram.c om/p/B_ Rspy7lsWL/?igshid=1g1 mcb8qcmnxm</a>
30.	Сұлтанмұрато ва Айдана	Математика	«Біз біргеміз!» инстаграм әлеуметтік желісінде	<a href="https://www.instagram.com/tv/B_my6kMledy/?igshid=xr3b4ztnw68t">https://www.instagram.c om/tv/B_ my6kMledy/?igshid=xr3 b4ztnw68t</a>
31.	Алуадинова Алмажай	Өзін-өзі тану	«Шамшырақ» үйірме жұмысы Фейзбук әлеуметтік желісінде	<a href="https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=847241765797510&amp;id=100015350821084&amp;sfnsn=mo&amp;d=n&amp;vh=i">https://m.facebook.c om/story.php?story_fbid =847241765797510&amp;id =100015350821084&amp;sf nsn=mo&amp;d=n&amp;vh=i</a>

**Аттестация комиссиясының жұмысының қорытындысы:**

Биылғы 2019-2020 оқу жылының қараша айында Ұлттық біліктілік тестілеуге 11 мұғалім өтініш берді. Соның ішінде 3 мұғалім ғана Ұлттық біліктілік тестілеуден өтті. Халиманова Камажай Шандиевна орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші. Ақшабаева Сәулет Болатқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-сарапшы. Ауанова Жазира Құрамышовна мектеп психологы, педагог-модератор санатын алды. Мамыр айында Ұлттық біліктілік тестілеуге 13 мұғалім өтініш берді. Бұл мұғалімдер 12,16,17,18,03 маусым-шілде айларында тапсырады. Рұқсатнамалары мен жеке куәліктерімен барады.

Биылғы жылы талмай еңбек етіп, жетістікке жеткен ұстаздарымызды мақтанышпен айта аламыз. Келесі оқу жылында да ұстаздарымызға сәттілік тілейміз.

## Мазмұны:

**Кіріспе.** Мектептің өткен оқу жылындағы жұмысының талдауы

**I тарау.** Жалпы міндетті оқуды жүзеге асыру

**II тарау.** Оқытудың мазмұны мен ұйымдастыруын жетілдіру

**III тарау.** Мектептің ата-аналар, қоғамдық ұйымдармен жұмысы

**IV тарау.** Педагогикалық мамандармен жұмыс

1. Біліктілікті арттыру, әдістемелік жұмыстар
2. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтап тарату
3. Мұғалімдерді аттестациялау
4. Жас мамандармен жұмыс

**V тарау.** Оқу жылының ішінде жасалатын жұмыстар

**VI тарау.** Мектепшілік бақылау

**VII тарау.** Ұстаздар кеңесінде қаралатын мәселелер

**VIII тарау.** Директор жанындағы мәжіліс

- Әкімшілік-шаруашылық және санитарлық жұмыстар
- Басшылық жұмыстар бөлінісі
- Тәрбие жоспары

<b>Мектептің қызметі:</b>	Жалпы орта білім беретін оқу орны.
<b>Мектептің проблемасы:</b>	Білім сапасын жетілдіруде түрлі педагогикалық технологияларды қолдану арқылы білім мазмұнын жанарту.
<b>Мектептің педагогикалық ұжымының проблемасы:</b>	« Білім мазмұнын жанарту арқылы жан-жақты дамыған отаншылдық рухы кемел жеке тұлға тәрбиелеу»
<b>Мектеп девизи:</b>	Жеке тұлғаның білім сапасын арттыру және жан-жақты дамыту - заман талабы

- Міндеттері:**
- Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық, сапалы білім алуға жағдай жасау;
  - Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін-өзі қадірлей алатын және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;
  - Шығармашылықпен еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар құруды ұйымдастыру;
  - Оқу-тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру;
  - Оқушыны жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;

**2020 – 2021 оқу жылындағы оқу–тәрбие жұмысының негізгі тақырыбы:**  
«Білім сапасын арттыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне енгізуді жалғастыра отырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу»

**МАҚСАТЫ:**

- Инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруде мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыра отырып, жеке тұлғаға бағытталған білім беру.

**МІНДЕТІ:**

- Оқу мен оқыту үдерісіне өзгерістер енгізе отырып, оқушының өз бетінше білім алуына үнемі ықпал жасап отыру.
- Инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгерту мақсатында мұғалімдерді деңгейлік, тақырыптық, әдістемелік курстардан өтулеріне мүмкіндік жасау.
- Білім сапасын арттыру жолында мектепшілік бақылауды күшейту.

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:**

- Бәсекеге қабілетті тұлға жетіліп, тәрбиеленеді.
- Мұғалімдердің үздіксіз білім жетілдіру нәтижесінде заман талабына сай жана әдіс – тәсілдерді меңгерген шығармашыл ұстаз қалыптасады.

### Бірінші тарау

Жалпы міндетті оқуды жүзеге асыру  
(Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңынан  
(2007ж 27 шілде) сәйкес негізгі жалпы білім беруді жүзеге асыру).

Мазмұны	Уақыты	Жауапты
Міндетті оқуды жүзеге асыру және селолық әкімшілік территориясындағы мектеп жасындағылардың тізімін алу, олардың сабаққа қатысуын қамтамасыз ету.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
Мектепалды дайындық сыныбына келетін балалардың тізімін алу.	Тамыз	Б. Енсегенова
1-сыныпқа оқушыларын қабылдау, мұғалімдерін белгілеу.	01.09	Мектеп директоры
9-сыныпты бітіргендердің есебін алып, соның ішінде оқуды, жалғастырушылардың санын шығару (колледж, кешкі мектеп)	01.09	А.Дүзелбаев Сынып жетекшісі
10-сыныпқа оқушылар қабылдау	01.09	Мектеп директоры
Мектептің сыныптар бойынша оқушылармен қамтылуы.	01.09	А.Дүзелбаев
Негізгі мектеп бітірген оқушылардың одан әрі орта білім алуына жағдайлар жасау, ата-аналар арасында түсінік жұмыстарын жүргізу.	Тамыз Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
Бастауыш 4 және 9,10-сыныптарда жаңа жоспарға көшуіне байланысты жаңа буын оқулықтармен қамтамасыз ету.	Қыркүйек	Р.Жаулыбаева
Жетім, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларын ерекше бақылауда ұстау, аудандық әлеуметтік қорғау қоры арқылы киіммен, тамақпен көмектер көрсетудің мүмкіндіктерін іздестіру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі А. Орунбаев
Жалпыға бірдей міндетті «Білім айлығын» өткізу.«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру.	1.08.-30.09	А.Дүзелбаев А.Орунбаев
Мемлекеттік құжаттардың, альфавиттік кітапшаның, оқушылардың жеке іс-қағаздарының талапқа сай толтырылуы.	Үнемі	А.Дүзелбаев
Пән кабинетінің талапқа сай жабдыкталуы.	Жыл бойы	Кабинет менгеруші
Денсаулығына байланысты үйден жекелей оқитын балалардың тізімін шығару мұғалімдерін бекіту, білім алуына бақылау жасап отыру. Сабақ кестелерін белгілеу.	Үнемі	Ж. Ауанова А.Дүзелбаев

<p>4 «Қиын және қиынға бейім» және мектепшілік, КТІЖБ есебінде тұрған оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың орындалысын үнемі басты назарда ұстау.</p>	<p>Кезінде</p>	<p>Р.Қылишаева Ж. Ауанова</p>
<p>5 Мектеп оқушыларының күнделікті сабаққа қатысуын есепке алып отыру. Түнгі көше рейдтер ұйымдастыру.</p>	<p>Үнемі</p>	<p>Р.Қылишаева</p>
<p>6 Жалпыға бірдей міндетті орта біліммен қамтамасыз етудің қыркүйек, қаңтар, наурыз айлықтарын өткізу нәтижесі, пед.кенесте немесе директор жанындағы мәжілісте талқылап отыру.</p>	<p>Қыркүйек Қаңтар Наурыз</p>	<p>А.Дүзелбаев</p>
<p>7 Балалардың сабаққа қатысуы жайлы жергілікті әкімдікпен байланыста болу.</p>	<p>Үнемі</p>	<p>Ж. Ауанова</p>

## Екінші тарау

Оқытудың мазмұны мен ұйымдастыруын жетілдіру

№	Жасалатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	Мемлекеттік стандартқа сәйкес орта білім беру, оның орындалуын үнемі бақылауда ұстау, талап ету.	Жыл бойы	Б. Еңсегенова А. Дүзелбаев
2	Оқушылардың білім деңгейін бағалауда тестілік әдістерін және оқытудың жаңа тиімді технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеру.	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
3	Факультатив сабақтар ашу, мұғалімдерін тағайындау. Жоспарларын бекіту.	Қыркүйек	Ж. Избасаров А. Дүзелбаев
4	«Тәрбиелеу арқылы оқыту» принципін берік ұстау. Сабақтың тәрбиелік мақсаты мен міндетіне, білімдік мазмұнының тереңдігіне, білім стандартына сәйкес келуін үнемі бақылауда ұстау.	Үнемі	А. Дүзелбаев Пән мұғалімдері
5	Үйірмелер ашу, жетекшілерін тағайындап, жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Р. Қылишаева Үйірме жетекші
6	Компьютер, химия, биология кабинеттерінің талапқа сай жабдықтау, санитарлық-гигиеналық талаптарын сақтау.	Жыл бойы	Каб. жетекшісі
7	Дарынды, қабілетті оқушыларды іздеп, олардың білімінің дамуына жағдай жасау. Білімнің жеке оқушыға бағдарланған үлгісін әр сыныпта қалыптастыру.	Жыл бойы	Н. Бекхожина Пән мұғалімдері
8	Мұғалімдердің күнтізбесі және тақырыптық сабақ жоспарларының талапқа сай жасалуын тексеріп, үнемі бақылап отыру.	Үнемі	Б. Еңсегенова А. Дүзелбаев
9	Міндетті сарамандық, зертханалық және бақылау жұмыстарының орындалуын үнемі назарда ұстап отыру.	Үнемі	Н. Бекхожина А. Дүзелбаев
10	Бейімдік сыныптарда жұмыстың оқу жоспарларын жасап бекіту.	Қыркүйек	А. Дүзелбаев
11	Бейімдік сыныптар бойынша таңдау курстарының бағдарламаларын бекіту.	Қыркүйек	Н. Бекхожина А. Дүзелбаев
12	«Жаңартылған білім мазмұны» курстарынан өткен мұғалімдердің сабақ үрдісін бақылауда ұстау және есептерін беру	Үнемі	Н. Бекхожина

### Үшінші тарау

#### Мектептегі қоғамдық ұйымдар мен ата-аналар жұмысы

Жасалатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
Девиз: « <i>Мұғалім оқушы, ата-ана ынтымақтастығы</i> »		
Ата-аналар комитетінің жоспарын жасап, оны жүзеге асырып отыру.	Жыл бойы	Ата-аналар Комитеті төрағасы
Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысын өткізу.	Жылына 2 рет	Мектеп әкімшілігі
Жағдайы жок, көмек қажет ететін отбасы балаларына көмек көрсету.	Токсан сайын	Мектеп әкімшілігі
Оқушы мұғалім, мұғалім ата-ана, ата-ана мектеп бірлігін нығайту және олармен бірігіп жұмыс жасау.	Үнемі	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер мұғалімдер.
«Ұлт мерекесі – Наурыз» атты кездесу ұйымдастыру.	Наурыз	Мектеп әкімшілігі
Мереке күндеріне байланысты ата-аналармен түрлі кездесулер, кештер ұйымдастыру.	Кезінде	Мектеп әкімшілігі
Ата-аналардың өз балаларының сабағына қатысуын қадағалау.	Үнемі	Мектеп әкімшілігі
Қыздар ұйымының жұмысын ұйымдастыру және бақылау.	Наурыз	Р.Қылишаева М.Тітірбаева
«Болашақ» ұйымының жұмысын ұйымдастыру және жетілдіру.	Қаңтар	Р.Қылишаева М.Тітірбаева
Ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастыру.	Сәуір	Комитет төрағасы
Кәсіподақ ұйымын құруды ұйымдастыру.	Қазан	З. Канибуллаев

### Төртінші тарау

#### Педагогикалық мамандармен жұмыс

№	Жасалатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	Педагогикалық кадрларды жұмысқа мамандығына сәйкес орналастыру.	Тамыз	Н.Бекхожина Ж. Избасаров
2	Маман ұстаздардың өз мамандықтарын үнемі көтеріп отыруына жағдай жасау, графикке сәйкес мұғалімдерді курсқа жіберіп отыру.	Жыл бойы	Н.Бекхожина
3	Мектепте бейімдік пәндік семинарлар өткізу.	Кезінде	Н.Бекхожина
4	Жаңа бағдарламаға сәйкес пән мұғалімдерін білім сатысы курстарына жіберу.	Кезінде	Ж.Избасаров
5	Пән мұғалімдерін кезекті аттестациядан өткізуді ұйымдастыру. Оларға тиісінше санаттар, разрядтар белгілеу.	Кезінде	Аттестаттау комиссиясы
6	Мектеп мұғалімдері арасында озат тәжірибені насихаттау, букеттер, жар газеттерін шығару.	Кезінде	Н.Бекхожина
7	Оқу жылы ішінде төмендегі мұғалімдердің тәжірибелерін тарату. І.А.Сұлтанмұратова	Қыркүйек	Н.Бекхожина
8	Төмендегі жас мұғалімдерге тәлімгерлер тағайындау:	Қыркүйек	Ж.Избасаров Тәлімгерлер
9	Мерзімінде методикалық басылымдарға жазылуды ұйымдастыру. Әр пән бірлестігінің методикалық басылымдарына жазылуын қадағалау.	Қазан	Р.Қылишаева Пән бірлестігінің жетекшілері Н.Бекхожина
10	«Тәлімгерлер күнін» өткізу.	Қаңтар	Н.Бекхожина
11	«Жас мұғалімдер» семинарын өткізу.	Сәуір	Н.Бекхожина
12	Жас мамандардың тәжірибе жинақтауына көмектесу.	Қазан	Ж.Избасаров
13	Мұғалімдердің сырттай оқып, мамандығын жетілдіруге қамқорлық жасау.	Үнемі	Н.Бекхожина
14	Мұғалімдердің әртүрлі деңгейдегі семинарларға қатыстырылуын қамтамасыз ету.	Үнемі	Н.Бекхожина

## V тарау

### Оқу жылы ішінде жасалатын жұмыстар

№	Мазмұны	Уақыты	Жауапты
<b>1. Ұйымдастыру жұмыстары</b>			
1	Бастауыш 1,2,3,4 сынып және 5,6,7,8,9,10 сынып мұғалімдерін жаңа бағдарламаға сәйкес ұйымдастырылған курстарға жіберу.	Тамыз	Ж. Избасаров
2	Аудандық тамыз кеңесіне мұғалімдерді қатыстыру. Секция отырыстарында шығармашылық есеп беретін мұғалімдердің даярлығын тиянақтау.	Тамыз	Н.Бекхожина
3	Мектеп мұғалімдерінің дәрігерлік байкаудан өтуін ұйымдастыру.	Тамыз	Ж. Избасаров
4	Мұғалімдердің оқу жылындағы жүктемелерін бөлу, таныстыру.	Тамыз	Ж. Избасаров
5	Сынып бөлмелерінде қай сыныптың оқитындығын белгілеу. Кабинет меңгерушілерін, сынып жетекшілерін тағайындау. Сабак, қоңырау кестесін жасау.	Тамыз	Ж. Избасаров Б. Еңсегенова А. Дүзелбаев
6	«Алғашқы қоңырау» салтанатын өткізу. «Конституция-біздің болашағымыз!», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Білім беру ұйымдары оқушыларының Кодексі», «Мамандық-өмір таңдауы» тақырыбында алғашқы сабақтар өткізу.	01.09	Мектеп әкімшілігі сынып жетекшілер
7	Сыныптан тыс өткізілетін сабақтардың, үйірмелердің, спорт секцияларының графиктерін белгілеу. Оқушылардың және мұғалімдердің кезекшілік кестесін жасау.	10.09 на дейін	Р.Қылишаева
8	Мектеп әкімшілігінің жұмыс уақыттарын белгілеу.	10.09 на дейін	Ж. Избасаров
9	Өрт және техника қауіпсіздігіне жауаптыларды тағайындау, бұйрықпен таныстыру.	10.09 на дейін	Ж. Избасаров
10	I сынып оқушыларының ішінен әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларын анықтау, ыстық тамақпен қамтылуды ұйымдастыру, тамақ ішу кестесін белгілеу	2.09	Ж. Избасаров А. Орунбаев

Алтыншы тарау

Мектепшілік бақылаулар

Жан – жақты тексеру

№	Жасалатын жұмыстар	Қайда каралады	Уакыты	Жауапты
1	Мектептегі орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндерінің білім мазмұнын жаңарту жағдайына бағытталуға жасалып жатқан жұмыстар.	Ұстаздар кеңесі	қараша	Н. Бекхожина
2	Білім мазмұнын жаңарту жағдайында мектептегі география,биология пәндерінің білім стандартына сай оқытылуының жәйі	Ұстаздар кеңесі	қаңтар	А.Дүзелбаев
3	Бастауыш 1 сыныптағы білім мазмұнын жаңарту мақсатында оқушыларды бағалаудың оқу бағдарлама талаптарына сай орындалысы	Ұстаздар кеңесі	наурыз	Б. Еңсегенова
4	Саналы ұрпақ тәрбиелеудегі мектептегі дене тәрбиесі мен алғашқы әскери дайындық пәндерінің, қоғамдық ұйымдардың, пәндік үйірмелер, техникалық үйірмелер, спорт секцияларының ұйымдастырылуы	Ұстаздар кеңесі	Сәуір	Р.Қылишаева

### Такырыптык тексерулер

№	Жасалатын жұмыстар	Қайда каралады	Уақыты	Жауапты
1	Мектепалды дайындық тобы оқушыларының іс қағаздарының толтырылуы. 4 - сыныптарда оқушылардың оқу тәрбие жұмыстарының жәйі.	Директ ж мәжіліс	қыркүйек	Б. Енсегенова
2	Мектепте жүргізілетін қазақ тілі пәндерінің бағдарлама талаптарына сай оқытылуы. Ұлттық тәрбие берудегі дүние тану,сурет,ән пәндерінің маңызы	Директ ж мәжіліс	казан	Н. Көбеншеева Р.Қылишаева
3	Көркем еңбек пәнінің бағдарлама талаптарына сай оқытылуы Пән кабинеттерінің жәйі	Директ ж мәжіліс	қараша	А.Дүзелбаев
4	Мектеп оқушыларының ОЖСБ мен ҰБТ-ға дайындық барысы	Директ ж мәжіліс	желтоқсан	А.Дүзелбаев
5	Оқушы білімін арттырудағы факультативтік және пәндік үйірмелердің ролі.	Директ ж мәжіліс	қаңтар	Р.Қылишаева
6	Оқушыларға үш тілділікті дамытудағы ағылшын тілі пәнінің ролі	Директ ж мәжіліс	ақпан	Н.Бекхожина
7	Мектеп оқушыларының оқулықпен қамтылуы және ұстау жағдайы	Директ ж мәжіліс	ақпан	Р.Қылишаева
8	Мектептегі спорт секцияларының жұмыстарының ұйымдастырылуы.	Директ ж мәжіліс	наурыз	М. Нұрмағанбетов
9	Мектептегі жеке үйден оқыту жұмыстарының қорытындылары және оқушыларды бағалаудың шарттарының орындалысы.	Директ ж мәжіліс	сәуір	А.Дүзелбаев
10	Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуының орындалысы	Директ ж мәжіліс	мамыр	А. Орунбаев

Директорлық тексеру.

№	Тексерілетін жұмыс мазмұны	Қайда каралды	Уақыты	Жауапты
1	Мектептің қысқы маусымға дайындық жұмыстары	Директ ж мәж	қыркүйек	О.Шүкірбаев
2	Мектептегі математика, информатика пәндерінің берілісі.	Директ ж мәж	казан	А.Дүзелбаев
3	2,3 сыныптарда оқушылардың оқу тәрбие жұмыстарының жәйі	Директ ж мәж	казан	Б. Еңсегенова
4	Мектепшілік пәндік олимпиаданың қортындысы	Директ ж мәж	караша	А.Дүзелбаев
5	Физика, химия пәнінің бағдарламаға сай оқытылуы.	Директ ж мәж	караша	Н.Бекхожина
6	Салауаттылық –өмір салтын қалыптас тырудағы қоғамдық ұйымдар мен факультатив сабақтардың алатын орны	Директ ж мәж	желтоқсан	А.Дүзелбаев
7	Мектеп «Жас ұлан» ұйымының жасап жатқан жұмыстары	Директ ж мәж	желтоқсан	М.Тігірбаева
8	Оқушыларға ыстық тамақ берілісінің барысы	Директ ж мәж	қаңтар	А.Дүзелбаев
9	Мектеп бітірушілердің ҰБТ-ға дайындығы және ОЖСБ дайындығы	Директ ж мәж	қаңтар	А.Орунбаев
10	Мектептегі тарих,қбн,құқық пәндерінің берілісі	Директ ж мәж	ақпан	А.Дүзелбаев
11	Сынып жетекшілердің іс қағаздарының жәйі	Директ ж мәж	наурыз	Р.Қылишаева
12	Кітапхана жұмысының жәйі	Директ ж мәж	наурыз	Р.Жаулыбаева
13	Мектеп психологының«қиын» оқушылармен атқарған жұмысының жайы	Директ ж мәж	сәуір	Мектеп психологі
14	Бакылау және жазба жұмыстарының қорытындылары	Директ ж мәж	сәуір	А.Дүзелбаев
15	Мектеп мұғалімдерінің өз білімін көтеру жоспарларының орындалысы.	Директ ж мәж	мамыр	Н.Бекхожина

**Директор жанындағы мәжіліс**

№	Тексерілетін жұмыс мазмұны	Жауапты
1	<p align="center"><b>Тамыз</b></p> <p>а) Тамыз айының жұмыс жоспарының орындалысы және қыркүйек айының жұмыс жоспары.            ә) «Мәңгілік Ел» актісі бойынша білім күнін өткізу туралы.            б) Оқу кабинеттерінің, шеберхана, асхананың жаңа оқу жылына дайындығы туралы.            в) Қыркүйек айының жұмыс жоспары</p>	<p>Ж. Избасаров            Р.Қылишаева            Ж. Избасаров</p> <p>Р.Қылишаева</p>
2	<p align="center"><b>Қыркүйек</b></p> <p>а) Жалпы міндетті оқу айлығының ұйымдастырылуы және «Мектепке жол» акциясының қорытындысы.            ә) Пандемия жағдайына байланысты I сыныптарда ашылған «Кезекші сыныптардың» жәй-күйі            ә) Мектепалды дайындық тобы және I сынып оқушыларының іс қағаздарының толтырылу жайы.            б) Мектептің күзгі және қысқы маусымға дайындығы.            в) Қазан айының жұмыс жоспары.</p>	<p>А.Дүзелбаев</p> <p>Б. Енсегенова</p> <p>Б.Енсегенова</p> <p>О.Шүкірбаев            Р.Қылишаева</p>
3	<p align="center"><b>Қазан</b></p> <p>а) 2,3 сынып оқушыларының оқу тәрбие жұмыстарының жайы.            ә) Математика, информатика пәндерінің бағдарламаға сай оқытылуы.            б) Пандемияға байланысты ата-аналар мен оқушылардың жәй-күйін анықтау .            в) Қараша айының жұмыс жоспары.</p>	<p>Б. Енсегенова            Қ. Қошымова</p> <p>А.Орунбаев</p> <p>Р.Қылишаева</p>
4	<p align="center"><b>Қараша</b></p> <p>а) 4 - сыныптарда оқушылардың оқу тәрбие жұмыстарының жәйі            ә) Мектепте жүргізілетін физика,химия пәндерінің бағдарлама талаптарына сай оқытылуы.            б) Бірінші оқу тоқсанының қорытындысы.            в)Мектепшілік пәндік олимпиадасының қорытындысы            г) Желтоқсан айының жұмыс жоспары.</p>	<p>Б. Енсегенова            Н.Бекхожина</p> <p>А.Дүзелбаев            А.Дүзелбаев            Р.Қылишаева</p>
5	<p align="center"><b>Желтоқсан</b></p> <p>а) Мектеп «Жас Ұлан» ұйымының жасап жатқан жұмыстары            ә) Салауаттылық –өмір салтын қалыптастырудағы қоғамдық ұйымдар мен факультатив сабақтардың алатын орны            в) Қаңтар айының жұмыс жоспары.</p>	<p>М.Тітірбаева            А.Дүзелбаев</p> <p>Р.Қылишаева</p>
6	<p align="center"><b>Қаңтар</b></p> <p>а) Оқушыларға ыстық тамақ берілісінің барысы            ә) Мектептегі тарих,қбн,құқық пәндерінің берілісі            б) Ұлттық тәрбие берудегі көркем өнерпаз үйірмелерінің маңызы            в) Мектеп оқушыларының 1- жарты жылдықтағы білім сапасының жайы            г) Ақпан айының жұмыс жоспары.</p>	<p>А.Орунбаев            А.Дүзелбаев            Р.Қылишаева            А.Дүзелбаев</p> <p>Р.Қылишаева</p>

7	<p style="text-align: center;"><b>Ақпан</b></p> <p>а) Салауаттылық –өмір салтын қалыптастырудағы спорттық шаралардың маңызы.  ә) Оқушы білімін нығайтудағы пән кабинетінің және пәндік үйірмелердің ролі.  б) Мектеп медбикесінің жұмысының жәйі  в) Наурыз айының жұмыс жоспары.</p>	<p>Р.Қылишаева  Н.Бекхожина  Н.Бекхожина  Р.Қылишаева</p>
8	<p style="text-align: center;"><b>Наурыз</b></p> <p>а) Мектептегі жеке үйден оқыту жұмыстарының қорытындылары және оқушыларды бағалаудың шарттарының орындалысы.  ә) Кітапхана жұмысының жәйі  в) Сынып жетекшілері іс қағаздарының ұсталысы, толтырылуы.  г) Сәуір айының жұмыс жоспары.</p>	<p>А.Дүзелбаев  Р.Жаулыбаева  Р.Қылишаева  Р.Қылишаева</p>
9	<p style="text-align: center;"><b>Сәуір</b></p> <p>а) Мектептегі спорт секция жұмыстарының ұйымдастырылуы.  ә) Мектеп психологының «киын» оқушы- лармен атқарған жұмысының жайы  б) Мектептегі «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру бағытындағы шаралардың орындалысы  в) Мамыр айының жұмыс жоспары.</p>	<p>М.Нұрмағанбетов  Мектеп психологы  Р.Қылишаева  Р.Қылишаева</p>
10	<p style="text-align: center;"><b>Мамыр</b></p> <p>а) Мектеп мұғалімдерінің өз білімін көтеру жоспарларының орындалысы  ә) Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуының орындалысы.  б) Соңғы қонырау салтанатты шарасын өткізу.  в) Маусым айының жұмыс жоспары.</p>	<p>Н.Бекхожина  А.Орунбаев  Р.Қылишаева  Р.Қылишаева</p>
11	<p style="text-align: center;"><b>Маусым</b></p> <p>а) Мектеп бітірушілердің қорытындылары туралы.  ә) «Ақ жол - 2021» шарасын өткізу.</p>	<p>А.Дүзелбаев  Р.Қылишаева</p>

Мектепшілік бақылаудың үш жылдық мерзімге арналған жұмыс жоспары.

Р/с	Бақылауда істелетін жұмыс мазмұны	Қайда каралды	2018-2019	2019-2020	2020-2021
1	Бастауыш сыныптардағы оқу тәрбие жұмыстары				
	МАДТ	Директ ж мәж	ДТ	ДТ	ТТ
	1-сынып	Директ ж мәж	ЖЖТ	ДТ	ЖЖТ
	2-сынып	Директ ж мәж	ЖЖТ	ТТ	ДТ
	3-сынып	Директ ж мәж	ТТ	ЖЖТ	ДТ
	4-сынып	Директ ж мәж	ТТ	ЖЖТ	ТТ
2	Қазақ тілі мен әдебиеті	Директ ж мәж	ТТ	ЖЖТ	ТТ
3	Орыс тілі мен әдебиеті	Директ ж мәж	ТТ	ТТ	ЖЖТ
4	Математика, информатика	Пед-лық кеңес	ЖЖТ	ТТ	ДТ
5	Тарих,қбн,құқық	Директ ж мәж	ТТ	ЖЖТ	ДТ
6	География	Директ ж мәж	ТТ	ДТ	ЖЖТ
7	Биология	Директ ж мәж	ТТ	ДТ	ЖЖТ
8	Физика	Пед-лық кеңес	ТТ	ЖЖТ	ДТ
9	Химия	Пед-лық кеңес	ДТ	ЖЖТ	ДТ
10	Ағылшын тілі	Директ ж мәж	ДТ	ТТ	ЖЖТ
11	Дүние тану, сурет,ән	Директ ж мәж	ТТ	ТТ	ТТ
12	Дене тәрбиесі	Пед-лық кеңес	ЖЖТ	ДТ	ЖЖТ
13	Алғашқы әскери дайындық	Пед-лық кеңес	ЖЖТ	ДТ	ЖЖТ
14	Көркем еңбек	Директ ж мәж	ДТ	ДТ	ТТ
15	Факультатив сабақтар	Директ ж мәж	ДТ	ТТ	ДТ
16	Қоғамдық ұйымдар	Директ ж мәж	ДТ	ЖЖТ	ДТ
17	Пәндік үйірмелер	Директ ж мәж	ТТ	ДТ	ЖЖТ
18	Көркем өнерпаздар үйірмесі	Директ ж мәж	ДТ	ДТ	ДТ
19	Техникалық үйірмелер	Директ ж мәж	ТТ	ДТ	ЖЖТ
20	Спорт секциялары жұмысы	Директ ж мәж	ДТ	ТТ	ЖЖТ
21	Пән кабинеттерінің жәйі	Директ ж мәж	ДТ	ДТ	ТТ
22	Сынып жетекшілерінің іс қағаздары	Директ ж мәж	ДТ	ДТ	ДТ
23	Оқушы оқулықтарының ұсталуы	Директ ж мәж	ДТ	ТТ	ТТ
24	Бақылау және жазба жұмыстары қорытындылары	Директ ж мәж	ДТ	ТТ	ДТ
25	Кітапхана жұмысының жайы	Директ ж мәж	ТТ	ДТ	ДТ
26	Оқушыларға ыстық тамақ берілісінің барысы	Директ ж мәж	ДТ	ДТ	ДТ

**Әкімшілік- шаруашылық және санитарлық жұмыстары**

№	Жасалатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	Мұғалімдердің, тех. қызметкерлердің дәрігерлік байқаудан өтуін назарда ұстап отыру.	Үнемі	Ж. Избасаров Г. Майлыбаева
2	Мектеп оқушыларының дәрігерлік байқаудан өтуін қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Ж. Избасаров Г. Майлыбаева
3	Мектеп жанындағы асханада оқушылардың тамақ ішуіне жағдайлар жасау.	Жыл бойы	Ж. Избасаров
4	Мектепалдық дайындық сыныбын жабдықтау, орындық, парта, такта, шкаф, төсенішпен қамтамасыз ету.	Тамыз	Ж. Избасаров О. Шүкірбаев
5	Кітапхана қорын толықтыру. Жетіспейтін оқулықтарға сұраныс беру. Оқушыларды жаңа буын оқулықпен қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Р. Жаулыбаева
6	Қажетті көрнекі құралдар алу, сұраныс беру.	Кезінде	Ж. Избасаров
7	Мектепті жөндеуден өткізу. Жылу жүйесін қысқа дайындау.	Қыркүйекке дейін	Ж. Избасаров О. Шүкірбаев
8	Мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету. Сынған орындық, парталарды жөндегіп отыру. Жылдық есебін уақытылы алу.	Үнемі	О. Шүкірбаев
9	Мектептің материалдық базасын нығайту.	Үнемі	Ж. Избасаров
10	Санитарлық-тазалық режимін сақтау.	Жыл бойы	О. Шүкірбаев Г. Майлыбаева
11	Оқушылардың тазалығын үнемі тексеріп отыру, әр түрлі аурулардың алдын алу, профилактикалық шаралар ұйымдастыру. Тазалық жұмысына басшылық жасайтын жауапты адам тағайындау.	Үнемі	Р. Қылишаева Г. Майлыбаева
12	Қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі шараларын қамтамасыз ету. Жауапты адамдарды бұйрықпен тағайындау.	қыркүйек	Ж. Избасаров

Жетінші тарау  
**Педагогикалық кеңес жоспары**

№	мазмұны	уақыты	Жауапты
	1 – кеңес		
1	<p>А) 2019-2020 оқу жылының қортындысы, алда тұрған міндеттер</p> <p>Ә) 2020-2021 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарын бекіту</p> <p>Б) Мектеп (вариативті) компоненті сағаттарын бекіту</p> <p>В) Оқу жылының қортындысы бойынша мектеп мұғалімдерін марапатқа ұсыну</p> <p>Г) Үздік оқыған мектеп бітірушілерді үздік куәлікке, ерекше аттестатқа ұсыну</p> <p>Д) Тамыз – қыркүйек айында өткен міндетті оқу айлығының қорытындысы</p>	тамыз	<p>Ж. Избасаров</p> <p>Р.Қылишаева</p> <p>Н.Бекхожина</p> <p>А.Дүзелбаев</p> <p>А. Орунбаев</p>
	2 – кеңес		
2	<p>А) Бастауыш сыныптардағы атқарылып жатқан оқу-тәрбие жұмыстарының жәйі</p> <p>Ә) өткен оқу жылында тексерілген қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің берілісін жақсартуда атқарылып жатқан жұмыстары</p> <p>Б) Оқу жылының 1-ші тоқсанының қорытындысы туралы</p>	Қараша	<p>Б.Еңсегенова</p> <p>Н.Бекхожина</p> <p>А.Дүзелбаев</p>
	3 – кеңес		
3	<p>А) Мектептегі орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің білім мазмұнын жанарту жағдайына бағытталуға жасалып жатқан жұмыстары.</p> <p>Ә) Өткен оқу жылындағы тексерілген (физика, химия) пәндерінің берілісін жақсартудағы ұсыныстардың орындалысы</p> <p>Б) 2020-2021 оқу жылының 1-ші жарты жылдығының қорытындысы</p> <p>В) Қаңтар айында өтетін міндетті оқу айлығының қорытындысы</p>	Қаңтар	<p>А.Дүзелбаев</p> <p>Н. Бекхожина</p> <p>А.Дүзелбаев</p> <p>А. Орунбаев</p>
	4 – кеңес		
4.	<p>А) Дене тәрбиесі, алғашқы әскери дайындық, техникалық үйірмелер, спорт секцияларының оқу бағдарлама талаптарына сай орындалысы</p> <p>Б) Наурыз айында өткен міндетті оқу айлығының қорытындысы</p> <p>В) Аттестациялық комиссияның жұмысының қорытындысы</p> <p>Г) Оқу жылының 3-ші тоқсанының қорытындысы туралы</p> <p>Д) Мектепалды даярлық сынып пәндерінің оқыту жағдайын бақылау мониторингін жүргізу қорытындысы</p>	Наурыз	<p>Р.Қылишаева</p> <p>А. Орунбаев</p> <p>Ж. Избасаров</p> <p>А.Дүзелбаев</p> <p>Б.Еңсегенова</p>
5.	5 – кеңес	Мамыр	Сынып жетекшілер Ж. Избасаров
6.	<p>А) Оқу жылын аяқтау, сыныптан сыныпқа көшіру және мектеп бітіру емтихандарына жіберу туралы</p> <p>Ә) Үздік оқыған оқушыларды марапаттау туралы</p>	Маусым	
	6 – кеңес		
7.	<p>А) Негізгі мектепті (9-сынып) бітірушілердің емтихан қорытындысы туралы</p>	Маусым	Сынып жетекші Ж. Избасаров
	7 – кеңес		
	<p>А) Орта мектепті (11-сынып) бітірушілердің емтихан қорытындысы туралы</p>		Сынып жетекші Ж. Избасаров

## Мектеп басшыларының міндеттері

### Мектеп директоры

Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді. Бекітілген учаскедегі балаларды жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді. Білім беру құқығы лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүліктік, баспаналық, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдай отырып, оларға жағдай жасайды.

Тәрбиеленушілер мен білім алушыларды асырап бағу үшін белгіленген мөлшерден кем емес жағдаймен қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды. Оқушыларды қорғау және олардың денсаулығын нығайту мақсатында тамақтану және медициналық қызмет көрсету жұмысын ұйымдастырады және оған бақылау жүргізеді. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына басшылық етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуына жауап береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитарлық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауды жүргізеді. Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің аясында жаза белгілейді.

Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушылармен) байланысты жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымын танытады, қажетті есеп құжаттарын дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

## Мектеп директорының оқу жөніндегі орынбасары

- ✓ Әкімшілік кезекшілікті жауапкершілікпен атқарып, үнемі кезекшілік журналына қорытындысын жазып отыру
- ✓ Мектептің қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлауды ұйымдастыру.
- ✓ Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылау жасап, сабақтардың кестесін және басқа да оқу қызметінің түрлерін құрады, оның мүлтіксіз орындалуын қадағалау.
- ✓ Факультатив, таңдау курсы сабақтардың жүргізілуін реттеу, қарау
- ✓ оқушылардың келу-кету қозғалысын ретке келтіріп, тоқсандық, жылдық есептер тапсыру
- ✓ Жылдық статистикалық есепті жинақтау, тапсыру
- ✓ Оқу-тәрбие процесінің, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік психологиялық қамтамасыз етілу жағдайын талдау.
- ✓ Педагогтердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен жоспарларының орындалуын, сондай-ақ қажетті оқу, оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіру.
- ✓ Білім беру процесінің сапасына және жалпы білім беру стандарттарының шеңберінде білімді меңгеру нәтижесінің объективтілігіне бақылау жасау.
- ✓ Оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуын, оқу процесіне қазіргі заманғы жаңа технологияның енгізілуін қамтамасыз ету.
- ✓ Білім алушыларға ағымдағы және қорытынды аттестаттау, оқушы жетістігін сырттай бағалау және тестілеу өткізуді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу.
- ✓ Белгіленген есеп құжаттамасының сапалы және уақытылы жасалуын қамтамасыз ету.
- ✓ Мұғалімдердің еңбегінің табелін жүргізу
- ✓ Мемлекеттік оқу бағдарламасының орындалуын жүзеге асыру
- ✓ ҰБТ-ға дайындық жұмыстарына басшылық жасау
- ✓ Оқу-тәрбие жұмыстарының орындалуы жайлы мектеп директоры алдында есеп беру
- ✓ Мұғалімдердің ашық сабақ өткізу кестесін құру, оның орындалуын қатаң бақылау
- ✓ Мұғалімдерді компьютерлік сауаттандыру, мұғалімдердің білімін жетілдіру
- ✓ оқушылар білімінің ТЖБ сәйкестігіне мониторинг жүргізу
- ✓ бағалау (қалыптастырушы, жиынтық) жүйесін бақылау отыру
- ✓ оқушылардың келу-кету қозғалысын ретке келтіріп, тоқсандық, жылдық есептер тапсыру
- ✓ мектепшілік бақылау жұмыстарының орындалуын қадағалау
- ✓ Сабақ журналының толтырылуын бағдарламашы арқылы үнемі тексерісте ұстау
- ✓ Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына бақылау жасау.
- ✓ Белгіленген есеп құжаттамасының сапалы және уақытылы жасалуын қамтамасыз ету.
- ✓ Білім заңының жүзеге асырылуы
- ✓ Оқушылардың іс-қағаздарының дұрыс толуын қадағалау
- ✓ Оқушылар арасында пән олимпиадасының өтуін жүйелеу
- ✓ Педагогикалық ұжымның бағдарлы оқыту мен 12 жылдық білім беруге байланысты ақпараттық технологияларды енгізуді және олардың жоспарларын ұйымдастырады
- ✓ Пән мұғалімдеріне әдістемелік нұсқаларды, ақпараттық технологияларды пайдалануға жетекшілік етеді
- ✓ Жалпы мектептің кабинеттерінің талапқа, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қадағалау
- ✓ Пән олимпиадалары, ғылыми жоба сайыстарын ұйымдастыру

## Директордың бейін пәндер бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары

- ✓ Педагогикалық ұжымның бағдарлы оқыту мен 12 жылдық білім беруге байланысты ақпараттық технологияларды енгізуді және олардың жоспарларын ұйымдастырады
- ✓ Пән мұғалімдеріне әдістемелік нұсқаларды, ақпараттық технологияларды пайдалануға жетекшілік етеді
- ✓ Директордың жанабындағы жұмысын үйлестіру, директор жанындағы кеңес материалдарының жинақталуы мен толықтырылуы
- ✓ Мектептегі оқушылардың бағдарлы оқытылуының жағдайларына мониторингтермен диагностикалау жүргізеді
- ✓ Тәжірибе алмасу мақсатында түрлі конференцияларға, координациялық кеңестерге, әдістемелік отырыстарға қатысады және оларды өзі ұйымдастырады.
- ✓ Оқушылардың кәсіби бағдар алуының эффективті және оптимальды жолдарын қарастырады, ұйымдастырады
- ✓ Білім кеңістігінде ақпараттарды дұрыс бағалау, оқушы бейімділіктерін дұрыс бағалау мақсатында түрлі іс-шаралар өткізеді, ұйымдастырады.
- ✓ Мамандық таңдау мақсатында оқушылардың жұмыстарымен айналысуларын ұйымдастырады
- ✓ 4,9 және 11-сыныптарды ОЖСБ-ға дайындық жұмыстарын жүргізу
- ✓ Мұғалімдер мен оқушыларға осы жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі
- ✓ Басқа ғылым, білім мекемелерімен өзара шығармашылық байланыс орнатады
- ✓ Оқушылардың аудандық, облыстық ғылыми жоба жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету
- ✓ Оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысына бағыт бағдар беру
- ✓ Зертханалық, сарамандық жұмыстардың орындалуы
- ✓ Мектептегі ғылыми-әдістемелік кеңес жұмыстарының жай-күйіне, оның нәтижелеріне талдау жасау
- ✓ Педагог қызметкерлердің ғылыми – зерттеу тәжірибе, сынақ жұмыстарына жетекшілік ету
- ✓ Білім беру процессін ізгілендіру мақсатында өз ұсыныстарын айтады
- ✓ Басқа білім беру мекемелерімен байланыстарды ұйымдастырады
- ✓ Басқа білім беру мекемелер арасында мектеп мерейін көтеретін, оны жарнамалайтын іс-шаралар ұйымдастырады
- ✓ Сынып кабинеттерінің безендірілуі мен санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау
- ✓ Сынып бөлмелері мен мектеп ішіндегі бөлме гүлдерін көбейту және сақтау.
- ✓ Биология, химия, география, физика, информатика пәндерінің берілуін жетілдіруге жұмыстану
- ✓ 2020-2021 оқу жылында пән бірлестігі бойынша кем дегенде екі ғылыми жоба дайындау үшін жұмыстануға міндетті
- ✓ шығармашылық топтардың жұмысына бақылау жасау
- ✓ Педагогтердің анағұрлым нәтижелі тәжірибелерін тарату бойынша шаралар қабылдау. Педагог кадрларды іріктеуге және орналастыруға қатысу. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестаттауды өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.
- ✓ Білім беру ұйымдарының оқу процесін жетілдіру мақсатында, пәндік әдістемелік бірлестіктер жұмыстарын үйлестіруді жүзеге асырады, оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
- ✓

## Білім беру ұйымы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

- ✓ Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оқушыларды тәрбиелеу бағдарламаларын жасауды, оларды іске асыру бойынша жаңа тәсілдерді қамтамасыз ету.
- ✓ Әкімшілік кезекшілікті жауапкершілікпен атқарып, үнемі кезекшілік журналына қорытындысын жазып отыру
- ✓ Тәрбиелеу процесінің проблемаларына, тәрбие жұмысының нәтижелеріне, тәрбие жұмыстары саласындағы жағдайлар мен перспективалық мүмкіндіктерге талдау жасау.
- ✓ Тәрбие жұмысының ағымдағы және перспективалық жоспарлауын ұйымдастыру.
- ✓ Девиантты мінез-құлықты балалармен жеке тәрбие жұмысына бақылауды жүзеге асыру.
- ✓ Тәрбие тұжырымдамасы бойынша мектептегі ұлттық тәрбие жұмысының жоспарын жасау және оны жүзеге асыруды ұйымдастыру
- ✓ Тәлімгер жұмысына басшылық беру
- ✓ Оқушылардың апталық жиындарын өткізу,
- ✓ Қыздар кеңесінің жұмысына басшылық жасау
- ✓ Ата-аналармен жұмысты педагогикалық және психологиялық тұрғыда ұйымдастыруға сынып жетекшілерді жұмылдыру
- ✓ Қоғамдық ұйымдар жұмыстарына басшылық жасау
- ✓ Сынып жетекшілерінің сыныптағы тәрбие жұмыстарын талапқа сай ұйымдастыруға әдістемелік жағынан басшылық жасау, және осы бағытта тақырыптық семинарлар өткізу, ұйымдастыру
- ✓ Тәрбие жұмысы жөніндегі, мәдени-тәрбие шараларды дайындау және өткізу жөніндегі қажетті әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу бойынша жұмысты үйлестіру; педагогикалық қызметкерлер өткізетін тәрбие процесін қамту мен өткізу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асыру
- ✓ Сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарына, шығармашылық үйірмелерге, сынып жетекшілерінің тәр жұмыстарын ұйымдастыруларына басшылық жасау
- ✓ Құқықтық-саяси бағыттағы жұмыстар
- ✓ Мерекелік жұмыстарды ұйымдастыру
- ✓ Мектеп оқушыларының сабаққа қатыс есебі
- ✓ Акциялар, түрлі шараларды ұйымдастыру
- ✓ Түрлі мектепшілік сайыс іс-қағаздары
- ✓ Тоқсан сайын оқушылардың іс-қағаздарының дұрыс толуын қадағалау
- ✓ Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оқушыларды тәрбиелеу бағдарламаларын жасауды, оларды іске асыру бойынша жаңа тәсілдерді қамтамасыз ету.
- ✓ Оқушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына бақылауды жүзеге асыру. Тәрбиелеу процесінде қолданылатын құралдар, техникалық және көрнекілік құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- ✓ Тәрбие жұмысы жөніндегі, мәдени-тәрбие шараларды дайындау және өткізу жөніндегі қажетті әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу бойынша жұмысты үйлестіру; педагогикалық қызметкерлер өткізетін тәрбие процесін қамту мен өткізу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асыру
- ✓ Мектепшілік мұғалімдердің және оқушылардың кезекшілігіне бақылау жасау
- ✓ Жұртшылық және құқық қорғау органдары, ата-аналар, білім беру ұйымының ата-аналар комитеті өкілдерімен тәрбиелеу үрдісін қамтамасыз ететін оқу орнының әкімшілік, қызметтер мен бөлімшелер өкілдерінің өзара іс-қимылын үйлестіру.
- ✓ Оқушылардың жоғарғы имандылық, ата-аналарына, этно-мәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қорғашан дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуді
- ✓ Педагог кадрлардың үйлесімді этикалық қарым-қатынасын ретке келтіріп отыру
- ✓ Үйірме сабақтардың жүргізілуін реттеу, қарау

## Тәлімгер

- ✓ Балалар қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің қызметінің дамуына ықпал жасау.
- ✓ Әкімшілік кезекшілікті жауапкершілікпен атқарып, үнемі кезекшілік журналына қорытындысын жазып отыру
- ✓ Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің бағдарламаларын жасауға көмектесу, олардың қызметінің мазмұны мен түрлерін жанартуға ықпал ету.
- ✓ Балалар мен жеткіншектердің бастамасын, жас ерекшеліктеріне сәйкес қызығушылықтарымен қажеттілігін ескере отырып, жұмысын жоспарлау.
- ✓ Ұжымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастыру.
- ✓ Балалар мен жасөспірімдерді жұмыс істеп жатқан ұйымдар, бірлестіктер туралы кең көлемде ақпараттандыруға жағдай жасау.
- ✓ Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын арттыру, өздерінің қызығушылықтары мен қажеттілігін іске асыру үшін қажетті жағдай жасау.
- ✓ Білім беру ұйымдарында жалпы мәдени-бұқаралық, патриоттық жұмыстар жүргізу, сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысын ұйымдастыру, балалардың танымдық демалысын олардың бос уақыттарын қызықты да пайдалы өткізуге ұйымдастыруға ықпал ету.
- ✓ Өзіне сеніп тапсырылған білім алушылармен тәрбиеленушілер, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқоршылық жасайды. Демалыс кезінде олардың демалуын ұйымдастыру.
- ✓ Балалар мен жасөспірімдермен жүргізілетін алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибені зерделейді және қолдану.
- ✓ Балалардың ұйымдары мен бірлестіктері алғашқы ұжымдарының басшыларын (ұйымдастырушыны) дайындау және іріктеу бойынша жұмыстар жүргізу.
- ✓ Білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымының өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық ұйымдармен, оқушылардың ата-аналарымен немесе оларды ауыстырушылармен тығыз байланыста жұмыс істеу.
- ✓ Оқушылардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің жұмысы мен қызметін дамытуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру
- ✓ Өткізілетін іс-шаралардың мазмұнына сәйкес безендіру жұмыстарын жүргізу
- ✓ Білім алушылардың бос уақытын тиімді, қызықты, мазмұнды өткізуін қамтамасыз ету
- ✓ «Жас қыран», «Жас ұлан» қозғалысының міндеттерін орындауға оқушыларды жұмылдыру
- ✓ Сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысын жүргізуге көмектесу
- ✓ Оқушылардың күнбе-күнгі қатысын шығару
- ✓ Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денсаулығын нығайтуға, зиянды әрекеттерден аулау болуға бағытталған шараларды жоспарлап өткізу
- ✓ Мектепшілік даталы күндерге байланысты мерекелік шараларды ұйымдастыру
- ✓ Өзін-өзі басқару бағытындағы жұмыстарға жетекшілік жасау
- ✓

## Мектеп психологі

- ✓ Білім алушылардың психикалық және әлеуметтік амандығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметін жүзеге асыру
- ✓ Әкімшілік кезекшілікті жауапкершілікпен атқарып, үнемі кезекшілік журналына қорытындысын жазып отыру
- ✓ Әр түрлі бейінді және бағыттарда психология-педагогикалық диагностика өткізу
- ✓ Білім алушылардың жеке тұлғасы мен әлеуметтік мәселелерін шешуге педагогикалық ұжымын бағдарлау мақсатында психология-педагогикалық қорытынды шығарады және оны талдау
- ✓ Білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысу.

- ✓ Білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетуді жүзеге асырады, өмірлік және кәсіптік тағдырын өзі шешу де әртүрлі жағдайларда бағдарлануға олардың дайын болуын дамытуға жәрдем ету
- ✓ Әлеуметтік дизадаптацияның пайда болуын алдын алу іс-шараларын жүзеге асырады, психологиялық көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдау (психокоррекциялық, сауықтыру және консультациялық).
- ✓ Психологияны практикалық қолдану мәселелері жөнінде педагогтарға кеңес береді, педагогтардың, ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық құзыретін арттыруға жәрдем ету
- ✓ Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды, бала кезінен мүгедек балаларды мүліктік және мүліктік емес құқықтары бойынша патронат бойынша тұрғын үймен, жәрдемақымен, зейнетақымен қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіру
- ✓ Балалар мен мемлекет, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтер арасында байланыс орнату
- ✓ Мұғалімдермен, ата-аналармен басқа заңды өкілдермен өзара қарым-қатынас жасау
- ✓ Білім беру ұйымындағы оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қатысу
- ✓ «қиын», «қиынға бейім» оқушылармен жұмыс жүргізу
- ✓ Үйден оқитын оқушыларға жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға жағдай жасау
- ✓ Білім алушылардың психикалық және әлеуметтік амандығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметін жүзеге асыру
- ✓ Әр түрлі бейінді және бағыттарда психология-педагогикалық диагностика өткізу
- ✓ Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету
- ✓ Техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғау талаптарын орындау. Есептілік құжаттамаларды белгіленген нысан бойынша жүргізу
- ✓ Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістерін, түрлерін, міндеттерін анықтайды, баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу тәсілдерін, балалардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке құқықтары мен еркіндіктерін іске асыруда әлеуметтік көмек және әлеуметтік қорғау бойынша шаралар қабылдау
- ✓ Білім алушылар, тәрбиешілер, балалар мен әкімшілік органдар, ведомстволар, әртүрлі әлеуметтік қызметтің мамандары, қоғам, жанұя, білім беру ұйымдары арасында байланыс орнату
- ✓ Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, әдістерін, баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу жолдарын, анықтау
- ✓ Тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдары мен тұрғылықты мекен-жайы бойынша білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім алуы, тәрбиеленуі, дамуы және әлеуметтік қорғалуы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру
- ✓ ОЖСБ, ҰБТ оқушыларының психологиялық жағдайына зерттеу жүргізіп отыру
- ✓ Түрлі психологиялық тренингтер өткізу

#### **Дене тәрбиесі нұсқаушысы**

- ✓ Дене тәрбиесі бағдарламасына және әдістемесіне сәйкес балаларды оқыту жұмысын жүргізу.
- ✓ Балалардың жас ерекшелігін, дайындығын, жеке және психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың міндеттері мен мазмұнын анықтау.
- ✓ Апталық лездемеге оқушыларды тұрғызу
- ✓ Оқушыларға дене жаттығуларын орындау дағдыларын үйрету, олардың рухани-жігер қасиеттерін қалыптастыру.

- ✓ Әкімшілік кезекшілікті жауапкершілікпен атқарып, үнемі кезекшілік журналына қорытындысын жазып отыру
- ✓ Дене шынықтыру сабақтары мен спорттық іс-шаралар өткізу барысында оқушылардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- ✓ Дәрігер келгенге дейін алғашқы көмек көрсету. Үнемі санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалау.
- ✓ Дәрігерлермен бірлесе отырып, оқушылардың денсаулығын бақылайды және физикалық жүктемесін реттеу.
- ✓ Оқушылардың өмірі мен денсаулығына жауап беру. Салауатты өмір салтын насихаттау. Тәрбиешілермен, тәрбиеленушілердің ата-анасымен тығыз байланыста болу. Белгіленген тәртіп бойынша құжат және есеп беруді жүргізу.
- ✓ Мектепшілік спорт үйірмелерінің жоспарлы жұмысын ұйымдастыруға басшылық жасау
- ✓ Ауылдағы мөлтек аудандар арасында көпшілік спорт жұмыстарын ұйымдастыру
- ✓ Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуін жоспарлау және сол бағыттағы жұмыстарды жүргізу
- ✓ Мектепшілік тәртіпті бақылау және қамтамасыз ету
- ✓ Халық жасағы жұмысын жүргізуге басшылық жасау
- ✓ Денсаулығында ақауы бар оқушылармен жұмыс жүргізу
- ✓ Оқушылардың Президенттік сынақ көрсеткіштері деңгейінде қалыптасуына жауапкершілікті қамтамасыз ету
- ✓ Дене тәрбиесі бойынша сабақ журналдарының уақытында дұрыс толтырылуына бағдарламашы арқылы ұйымдастыру.

#### **Әскери жетекші**

- ✓ Оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру
- ✓ Әскер жасына жақындаған балалардың құжаттарын реттеп, әскери бөліміне өткізу
- ✓ Әкімшілік кезекшілікті жауапкершілікпен атқарып, үнемі кезекшілік журналына қорытындысын жазып отыру
- ✓ Аудандық әскери комиссариатпен байланыс жұмыстарын жүргізу
- ✓ Кешкі рейд жұмыстарын жүргізуге басшылық жасау
- ✓ Мектепшілік кезекші мұғалімдердің жұмысына қадағалау жасау
- ✓ Мектепшілік тәртіпті қадағалау, Мектептің апталық лездемесіне қатысу
- ✓ Оқушылар арасында түрлі кезекшілік жұмыстарын ұйымдастыру
- ✓ Мектепшілік оқушылар кезекшілігіне бақылау жасау
- ✓ Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайларға байланысты жұмыстарды үйлестіру
- ✓ Оқушылардың өмірі қауіпсіздігі негіздері ережелерін оқытып үйрету және оның қатаң сақталуына жауапкершілікпен қарау
- ✓ Ұл балалардың тәртібін қадағалау

#### **Кітапханашы**

- ✓ Кітапхана қорын жинақтауға, өндеуге каталогтарды және басқа да кітапханалық-анықтамалық аппараттардың элементтерін ұйымдастыру мен қолдануға сәйкес кітапхана үрдісін қамтамасыз ету жұмыстарын атқарады. Автоматтандырылған деректер базасын жүргізу мен пайдалануды, қорлардың есебін, ұйымдастыру мен сақталуын оқырмандар мен абоненттерге қызмет көрсетуді жүзеге асыру.
- ✓ Кітапхананың ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарына, кітапхананың даму бағдарламасын, халыққа кітапханалық қызмет көрсету жоспарын әзірлеу мен іске асыруға қатысу. Ғылыми әдістерді және кітапханалық қызметтің озық тәжірибесін қолдану.
- ✓ Кітапхананың материалдық, қаржылық ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.
- ✓ Мектептің апталық лездемесіне қатысу
- ✓ Перспективалық және ағымдағы жоспарды қалыптастыру.

- ✓ Басқа кітапханалармен, ғылыми-техникалық ақпараттық органдармен, қоғамдық ұйымдармен байланыс орнатады және қолдап отыру.
- ✓ Есепке алуды және белгіленген есеп беруді ұйымдастыру.
- ✓ Кітапхананың ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарына, кітапхананың даму бағдарламасын, халыққа кітапханалық қызмет көрсету жоспарын әзірлеуге және іске асыруға қатысу. Кітапхана қызметінде ғылыми әдістер мен озық тәжірибені қолдану.
- ✓ Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және білім беру ұйымдарының қызметі мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді; жоғары тұрған органдардың кітапхана жұмысы туралы жетекші құжаттарын; кітапхана жұмысының негізін; библиографияны, негізі кітапханалық-технологиялық үрдістерді, оқырмандармен жеке және жалпы жұмыстың түрлерін, әдістерін; педагогика, психология, экономика негіздерін; еңбек туралы заңнамаларды, еңбек және техника қауіпсіздігі ережелерін, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін.

### Әлеуметтік-педагог

- ✓ Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістерін, түрлерін, міндеттерін анықтайды, баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу тәсілдерін, балалардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке құқықтары мен еркіндіктерін іске асыруда әлеуметтік көмек және әлеуметтік қорғау бойынша шаралар қабылдайды.
- ✓ Білім алушылар, тәрбиешілер, балалар мен әкімшілік органдар, ведомстволар, әртүрлі әлеуметтік қызметтің мамандары, қоғам, жанұя, білім беру ұйымдары арасында байланыс орнатады.
- ✓ Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, әдістерін, баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу жолдарын, анықтайды.
- ✓ Тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдары мен тұрғылықты мекен-жайы бойынша білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім алуы, тәрбиеленуі, дамуы және әлеуметтік қорғалуы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырады.
- ✓ Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды, бала кезінен мүгедек балаларды мүліктік және мүліктік емес құқықтары бойынша патронат бойынша тұрғын үймен, жәрдемақымен, зейнетақымен қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіреді.
- ✓ Балалар мен мемлекет, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтер арасында байланыс орнатады.
- ✓ Мұғалімдермен, ата-аналармен басқа заңды өкілдермен өзара қарым-қатынас жасайды.
- ✓ Білім беру ұйымындағы оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қатысады.
- ✓ Оқушылардың әлеуметтік картасын жасау
- ✓ Мектептің күн тәртібі бойынша оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау.
- ✓ Асханадағы оқушылардың дұрыс тамақтануын қадағалау
- ✓ Беймезгіл жүрген оқушыларды бақылау.
- ✓ Балалардың денсаулығы, толық дәрігерлік байқаудан өту. Оқушылардың жеке тазалықтарын жүйелі бақылау
- ✓ Ауру балаларды сауықтыру шараларына қатыстыруға жұмыстану

## Педагог ұйымдастырушы

- ✓ Оқушыларға психологиялық қолдау көрсетуді жүзеге асыра отырып, өмірлік және өмірлік тағдырын өзі шешу де әртүрлі жағдайларда бағдарлануға олардың дайын болуына қалыптастыруға
- ✓ Оқушыларға мәдени-тәрбиелік шараларды дайындап және өткізу жұмысын үйлестіру
- ✓ Педагогикалық қызметкерлер өткізетін тәрбиелік шараларды өткізу сапасына ат салысу
- ✓ Сынып жеткешілеріне тәрбие жұмысының мәдени шараларын жүргізуге көмектесу
- ✓ Түрлі мектепшілік байқау, сайыс өтізіп аудандық шараларға оқушылар қатыстыру
- ✓ Оқушыларға патриоттық тәрбие бере отырып имандылық этно-мәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуді
- ✓ Өткізілген шаралар кезінде оқушылардың өмірі мен денсаулығына жауап беру
- ✓ Салауатты өмір салтын насихаттап отыру. Тәрбиешілермен, тәрбиеленушілердің ата-анасымен тығыз байланыста болу
- ✓ Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің бағдарламаларын жүзеге асыруға көмектесу, олардың қызметінің мазмұны мен түрлерін жаңғыртуға ат салысу.
- ✓ Балалар мен жеткіншектердің бастамасын, жас ерекшеліктеріне сәйкес қызығушылықтары мен өажеттілігіен ескере отырып, жұмысын жоспарлап өткізу
- ✓ Оқушылар арасында түрлі кезекшілік жұмыстарын ұйымдастырып отыру
- ✓ Оқушылар арасында клуб, секция үйірме жұмыстарына қатысуды қиымдастыру

## Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары

- ✓ Мектептің бір қалыпты жұмыс істеуіне, жарығы, мектеп іші мен сыртының тазалығына
- ✓ Мектептің жөндеу жұмысының ұпқытылы ұқыпты істелуіне, мүліктер мен мебельдердің және жабдықтардың ұқыпты сақталуына
- ✓ Өртке қарсы жұмыстарға, мектепті жылмен сумен қамтамасыз етуге
- ✓ Техникалық қызметкерлердің қызмет жасауына, олардың жұмысына жауапты
- ✓ Мектептегі тазалық, аурулардың алдын-алу жұмыстары
- ✓ Барлық пән кабинеттері мен дәліздердің, асхананың талапқа сай тазалануы
- ✓ Мектеп айналасы, лас су төгетін орынның, дәретханалардың үнемі талапқа сай тазалануы
- ✓ Диз.ертіндісінің үнемі талапқа сай езілуі, сақталуы
- ✓ Санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы
- ✓ Мектепті қоғалдандыру жұмыстары



Түрмесі

47 бем

Директор

МММ